ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№ 84 (3911)
10 қараша 2026

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

3-БЕТ



72,6 мың өтініш: саудадағы дау неден туады?

5-БЕТ



Жаңа Азаматтық кодекс қандай болуы керек?

8-БЕТ



Цифрландыру — жемқорлық тәуекелдерін азайтудың тиімді құралы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖОЛДАУ МІНДЕТТЕРІ – ӨҢІРЛЕРДЕГІ КЕЗДЕСУ АРҚАУЫ



Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауында белгіленген стратегиялық міндеттерді жүзеге асыруда Құрылтай депутаттары мен орталық мемлекеттік органдар өкілдерінің өңірлердегі кездесулері маңызды қоғамдық диалог алаңына айналып отыр.

(Жалғасы 3-бетте)

ПӘРМЕН

ҚЫРҒЫЗСТАН ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫНДАРҒА ТЫЙЫМ САЛМАҚ

Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров энергетикалық сусындар өндірісі мен оның импортына толық тыйым салу мүмкіндігін қарастыруды тапсырды. Онда үкіметке ұсынылған шектеулерді бағалауға бір ай және қажетті реттеу шараларын енгізуге 6 ай уақыт берілді.

Бұл өзгеріс еліміздегі өндіріс көлемін бірден 12-13 пайызға төмендетуі мүмкін. Өйткені Қазақстанның энергетикалық сусындар секторы экспорттайтын 60 млн литр өнімінің 27 млн литрі немесе 45 пайызға жуығы Қырғызстанға бағытталады. Бұл жылына шамамен 40-45 млн АҚШ долларын құрайтын тауар айналымы. Алматы мен Жамбыл облыстарында орналасқан қазақстандық ірі өндірістік хабтар үшін Бішкекке тауар жеткізу жолы өте қысқа және Кедендік одақ шеңберіндегі жеңілдіктерге байланысты өте арзанға түсетін. Бұл отандық өнімдердің Қырғызстанда жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етіп келген еді. Ал энергетикалық сусындар нарығына қатысты шешім Қазақстанның сусын өндірісі секторындағы ең үлкен сыртқы сауда қатеріне айналды. Қырғызстан Президентінің тапсырмасымен әзірленіп, 2026 жылы күшіне енуі тиіс заңнамалық бастама отандық экспорттаушылардың стратегиялық жоспарын қайта қарауға мәжбүр етпек.

Қырғызстан нарығының толық жабылуы қазақстандық өндірушілерге орны толмас шығын әкелмек. Бұл зауыттардағы қондырғылардың, автоматтандырылған желілердің оңтайлы жүктемесін бұзып, өнімнің өзіндік құнының өсуіне әсер етеді. Экспорттық келісімшарттар әдетте алдын ала төлем немесе тұрақты валюталық түсімдермен қамтамасыз етілетіндіктен, отандық компаниялар жылына 18-20 млрд теңге шамасындағы тікелей таза кірістен айырылу тәуекелінің алдында тұр. Қазақстандағы өндірушілер 2025–2027 жылдарға арналған өндірісті кеңейту, жаңа логистикалық қоймалар салу және өндірісті локализациялау бойынша инвестициялық бағдарламаларын дәл осы өңірлік сұраныстың өсуін ескере отырып бекіткен еді. Бұл жобалар енді мұздатылуы немесе қысқартылуы ғажап емес.

Қазақстанның энергетикалық сусындар нарығы 6 400-ден астам адамды жұмыспен қамтуда. Қырғызстандағы шектеу бұған да әсер етіп, 350-500-ге жуық маманның қысқаруына не жалақының азаюына әкелуі мүмкін. Ең бастысы өндірушілер табысы азайғандықтан, олардың Қазақстан бюджетіне төлейтін корпоративтік табыс салығы да кемиді. Сондай-ақ, экспорттық тасымалмен айналысатын логистикалық компаниялар белсенділігі төмендеп, олардан түсетін салық азаяды.

Қырғыз нарығы жабылған жағдайда, қазақстандық компаниялар шығынды өтеу және өндіріс серпінін сақтап қалу үшін Өзбекстан нарығына экспансияны күшейтуге мәжбүр болады. Орталық Азиядағы ең ірі бұл нарықта олар Өзбекстанның жергілікті өндірушілермен және соңғы кезде енгізілген акциздік саясатпен айтарлықтай бәсекелесуге тура келеді.

Сондықтан олар Кавказ және Каспий маңы елдеріне шығуға тырысады. Әзербайжан, Грузия және Түрікменстан нарығында қазақстандық сусындарға сұраныс бар. Логистикалық шығынның жоғарылығына қарамастан (Каспий теңізі арқылы өтпелі тасымал), бұл бағыт өндіріс қуатын сақтап қалудың бір жолы болмақ.

(Жалғасы 2-бетте)

БІЛІМ ОРДАСЫ

Заң саласындағы мамандарды дайындайтын еліміздегі жетекші жоғары оқу орындарының бірі Қонаев университеті 33 жылдың ішінде бесінші рет өз атауын өзгертіп отыр. OMIR INNOVATION UNIVERSITY деген жаңа атауы білім мен ғылымды, технология мен инновацияны ұштастыра отырып, жоғары білім беру жүйесіндегі жаңа даму кезеңіне қадам басуды білдіреді. Бұл оқу орнының заманауи талаптарға сай жаңғыруға, ғылыми әлеуетін арттыруға және бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға бағытталған стратегиялық ұстанымының көрінісі.

ҚОНАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АТЫ ӨЗГЕРДІ



Тарихы 1993 жылдан басталатын оқу орны алғаш Д.А.Қонаев атындағы колледж болып құрылған болатын. 1993–1994 жылдары Д.Қонаев атындағы Қазақ гуманитарлық заң институты, 2000 жылы Д.Қонаев атындағы университет, 2015 жылы Д.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, 2023 жылы Қонаев университі мәртебесін алған. Биылғы оқу жылын – OMIR INNOVATION UNIVERSITY деген жаңа атаумен бастаған университет осы өзгеріс арқылы өз дамуының жаңа кезеңіне қадам жасады.

33 жылда 35 мыңдай маман дайындаған оқу орнының білім беру, ғылым және инновация әлеуетімен танысу үшін Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек арнайы келіп, университеттің студенттері және оқытушылар құрамымен кездесті. Сапар барысында министр университеттің әскери кафедрасы, оқу аудиториялары, парад алаңы мен оқу-жаттығу мақсатында пайдаланылатын атыс қаруларының үлгісімен танысты. Студенттер үйіне барып, білім алушылардың тұрмыстық жағдайын көрді. MIA инновациялық білім беру орталығының қызметімен танысып, OIU HUB университетінің білім беру, ғылыми және инновациялық кеңістіктерін аралады.

(Жалғасы 2-бетте)

№ 84 (3911)
10 қараша 2026 жыл
zangazet@mail.ru

ПӘРМЕН

ҚЫРҒЫЗСТАН ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫНДАРҒА ТЫЙЫМ САЛМАҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондай-ақ отандық ірі зауыттар энергетикалық сусындар шығаратын желілерін ішінара спорттық сусын, дәрумендік мұздатылған шай немесе табиғи шырындар мен тониктер өндірісіне бейімдей бастайды. Бұл «энергетикалық сусын» заңнамалық анықтамасына кірмейтін, бірақ сергіткіш функциясы бар өнімдер есебінен нарықты ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Жалпы Қырғызстандағы тыйым – бұл жекелеген бір саланың ғана емес, ЕАЭО және Орталық Азия аясындағы еркін сауда қағидаттарының сынға түсуі. Сарапшылардың пайымдауынша, ел үкіметі отандық өндірушілердің мүддесін қорғау және экономикалық шығынды азайту үшін мемлекеттік деңгейде келесі қадамдарды жасауы қажет.

Біріншісі, дипломатиялық және сауда-экономикалық диалог. Сауда және интеграция министрлігі мен Сыртқы істер министрлігі деңгейінде Қырғызстан тарапымен келіссөздер жүргізу. Толық тыйым салудың орнына (бұл контрабанданың өсуіне әкеледі), Қазақстандағы сияқты «21 жасқа дейін шектеу» немесе бірлескен техникалық регламенттер негізінде реттеу моделін ұсыну.

Екіншісі, экспортты субсидиялау. Егер Қырғыз нарығы биржола жабылса, мемлекет отандық өндірушілер өнімін алыс шетелдерге тасымалдау кезіндегі көліктік-логистикалық шығынды субсидиялау көлемін арттыруы тиіс. Бұл отандық кәсіпорындардың сыртқы күйзеліске төтеп беріп, жұмыс орындарын сақтап қалуына кепілдік береді.



Сіз не дейсіз?

Нұрлан ОМАРОВ, «Рауан» ЖШС бас директоры:

– Біздің компанияда өндірілетін өнімдер құрылымында энергетикалық сусынның үлесі аз. Соңғы жылдары оның денсаулыққа зияны туралы көп айтылып жатыр. Әрбір мемлекет өз халқының денсаулығын басты назарда ұстайды. Соған сай шешім қабылдайды. Мәселен, біз Қырғызстанға тек минералды су мен балаларға арналған сусындарды ғана шығарамыз. Енді энергетикалық сусындарды тұтынуға көршілес ел толық тыйым салатын болса, оның зиянымен қатар пайдасы да аз болмайды. Атап айтқанда кәсіпорындар өз өндірісін қайта құрылымдау арқылы, бұған дейін көп көңіл бөлінбеген жаңа өнім түрлерін шығаруға мүмкіндік алатын болады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

БІЛІМ ОРДАСЫ



ҚОНАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АТЫ ӨЗГЕРДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Сіздердің жоғары оқу орындарыңыздың атауында инновация деген сөздің пайда болуы – жақсы көрсеткіш. Біздің еліміз қазір инновацияға, ғылыми капиталға ерекше мән береді. Қазір дүние жүзінде мынадай мәселе бар. Шетелге оқуға түскен және оқығысы келетін студенттер саны өсіп келе жатыр, бірақ дәстүрлі академиялық орталықтар жабылуда. Бес жыл бұрын мен осыны көп зерттегенмін. 2019 жылы Президентпен кездескенде де осыны айтқанмын. Бізде бір мүмкіндік бар. Шетелдік студенттердің саны өсіп келе жатыр, оларды Қазақстанға әкелуге, сол арқылы ақша табуға болады. Оны қазір көп ректор, басшылар түсінбей жүр. Қазір әл-Фараби университетінде 9 мыңнан астам шетелдік студент оқып жатыр. Сол студенттердің төлейтін ақшасы бүкіл әл-Фараби университетінің шығынын төртбес айда жабады. Ол бірінші артықшылық. Екіншіден, шетелдік студенттер арқылы университеттің ішкі мәдениеті де өзгереді. Олар басқаша қызмет көрсетуді талап етеді.

Тағы да бір маңызды нәрсе, біз күрделі әрі қауіпті геосаяси кеңістікте, үлкен алып елдердің ортасында тұрмыз. Бізде қазір 92 елден 41 мыңға жуық шетелдік студент жүр. Оның 25 мыңы Ресейден, 4 мыңға жуығы Қытайдан. Шетелден келген бұл студенттер аманат қой. Олардың ата-анасы, туыстары бар, олар өз үкіметіне: «Менің ана жақта балам оқып жатыр, жиенім оқып жатыр, күйеу балам сабақ беріп жатыр», – деп қатты қысым жасайды. Ондай да жағдай бар.

Ұзақ мерзімді ойласақ «жұмсақ күш» деген ұғым орныққан. Ол балалар Қазақстанға келеді, оқиды, біздің елімізді таниды. Тамағымызды ішеді, ауамызды жұтады. Жақсы дос болады. Қайтқанда Қазақстанды жүрегінде сақтайды. Болашақта Қазақстанды түсінетін, білетін, мұнда оқыған адамдардың саны өседі», – деген министр қазір шетелде қазақстандық университеттердің 5 филиалы барын жеткізді. Былтыр Омбыда ашылған әл-Фараби университетінің филиалы Ресейде тұңғыш ашылған шетелдік университеттің филиалы болып отыр. Бұдан өзге Қырғызстанда, Өзбекстанда бар. Сондай-ақ Пәкістанда 3 орталық бар. Енді Қарағанды техникалық университеті келесі жылы Лахор немесе Исламабад қаласында өз филиалын ашпақ. Түркіменстан да шақырып жатыр. «Салыстырмалы түрде біздің білімнің сапасы жаман емес. Бірнеше күн бұрын QS рейтингі шықты. 51 университет Азия рейтингіне кірді. 3 университетіміз топ-100-ге кірді. Әл-Фараби университеті – 46, Сәтбаев университеті – 89 орында. 100-дікке кірген 3 университетіміз бар, 51 университетіміз кірді. Бұл тарихта болмаған нәрсе. Сол рейтингке кірген оқу орындарымыздың саны Орталық Азиядағы бүкіл университеттерден көп.

Оның алдында Times Higher Education деген екінші негізгі рейтингтен тағы да сүйінші хабар келген. Бұрынғы кеңестік елдер арасында Назарбаев университеті бірінші орынға шықты. Яғни, бүгін біз Мәскеу мемлекеттік университеті, МФТИ (Мәскеу физика-техникалық институты), Бауман атындағы атақты ММТУ сияқты жоғары техникалық университеттердің бәрін басып оздық», – деген Саясат Нұрбек студенттерді тіл үйренуге және жасанды интеллектті жетік меңгеруге шақырды. Қазір әлемде жаңа дәуір басталғанын нақты мысалдар келтіре отырып, түсіндірді. Кездесудің қызықты өткені сонша, жастар министрдің сөзіне өздерінің ыстық ықыластарын қошеметпен білдіріп отырды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

СУДЬЯ МІНБЕРІ

Жеке бастың құқығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 10- тарауында қамтылған. Мұндай құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық кодекстің 73-100-баптарында жан-жақты қарастырылып отыр.

АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕ БАСЫН ҚОРЛАУ – ҚҰҚЫҚҚА ҚАЙШЫ

Кез келген құқықтық, зайырлы мемлекетте адамның жеке басының бостандығы мен құқығы Конституциямен қорғалады. Қазақстанның Ата Заңында да «Ешкімді азаптауға, оған зорлық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық абыройын қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды» деп көрсетілген. Расында заң бойынша, біреудің жеке басын қорлау – қылмыс. Тіл тигізу – адамның қадірін төмендету, құқығын таптау. Осы тұрғыдан алғанда заң жеке адамның арын, ожданын және абыройын қорғаумен бірге, оның өміріне басқа біреудің озбырлық жасауына жол бермеуді басты қағидасына айналдырған.

Өкінішке қарай, жеке бастың құқығына қол сұғудың теріс салдары туралы жиі айтылып, жауаптылық күшейтіліп жатқанымен, тұрмыстық зорлық-зомбылық деректері де, жеке шекарадан өту жағдайлары да азаймай отыр. Оған сот тәжірибесінен мысал жеткілікті.

Айталық Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабы 1-бөлігіндегі теріс әрекетті жасаған Р.М. деген азаматтың ісі қаралды. Сот отырысында анықталғандай бұл азамат заңды некедегі әйеліне былапыт сөйлеп, ар-намысына тиетін сөздер айтып, отбасының берекесін кетірген. Сонысына қарамастан жәбірленуші жолдасына кешірім берді.

Іске қатысушылардың түсінігін тыңдаған сот Р.М.-ның өз әрекетіне өкінуін, қателігін мойындауын жауаптылықты жеңілдететін мән-жай деп тапты. Жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар анықталмағандықтан, сот Р.М.-ның жеке басын, жасап отырған құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін ескеріп, оған ескерту түріндегі жазаны қолдану дұрыс деп шешті.

Қазақ анасын қадірлеген халық. Алайда соңғы жылдары анасының тыныштығын алып, қартайған кезінде қолдаудың орнына қорлап жүрген жандар да бар. Мысалы Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында ісі қаралған С.С. деген азамат Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабы 2-бөлігімен бұрын да жауаптылыққа тартылған. Соған қарамастан, бір жыл толмай теріс әрекетін қайталап анасына зәбір көрсеткен. Өзі жұмыссыз азаматтың қырықтың қырқасынан асса да заң бұзуы ешқандай ақтауға келмейді. Ішімдікке үйір болған ол отбасының тыныштығын бұзып, анасына былапыт сөздер айтып, айналасына құрметсіздік танытқан. Баласының осындай жан ауыртар әрекеттерінен мезі болған анасы сотта ұлына кешірім бермейтінін айтты. Әрине, қателіктен сабақ алмаған жанға кешірім болмауы керек. Қолдағы деректерді сараптай келе айыпты азамат Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабы 2-бөлігімен кінәлі деп танылып, 10 тәулік мерзімге әкімшілік қамақ жазасы белгіленді.

Тілекші анасын, жанашыр жұбайын қорлап, тұрмыстық зорлық көрсеткендердің әрекеті қоғамдағы отбасы институтының әлсіреп бара жатқанының нақты көрінісі. Ол аздай, соңғы кезде туған қызына былапыт сөйлеп, тыныштығын алатын әкелер пайда болды. Әке деген аяулы атқа қара таңба түсірген осындай құқық бұзушылар кесірінен қоғамда ер-азаматтар беделі төмендеп барады. Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында ісі қаралған Б.Қ. да алпысқа жақындаған азамат. Алайда ұл-қызына қамқор болып, жол көрсетудің орнына ол масаң күйде қызына былапыт сөйлеп, құқыққа қайшы әрекет жасаған. Сот отырысында Б.Қ. өз кінәсін мойындайтынын, кешірім сұрайтынын, енді мұндай әрекетті қайталамайтынын көрсеткенімен, бір жыл ішінде теріс әрекетті тағы жасауы оның сөзіне күмәнмен қарауға итермелейді. Тіпті жәбірленуші қызы да әкесіне кешірім бермейтінін, заң талабына сай жаза қолдануды бекер сұрап отырған жоқ. Істі таразылай келе азамат Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73-бабы 2-бөлігімен кінәлі деп танылып, 10 тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алынды.

Мұндай мысалдар әр елде, әр өңірде бар. Жеке бастың құқығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алып, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол бермеу үшін не істеу керек? Ең алдымен отбасы құндылығын нығайтып, үйдегі тәрбиенің маңызына көңіл бөлген абзал. Отбасы – қоғамның негізгі тірегі, адамгершілік пен тәрбиенің бастауы. Әрбір адам үшін отбасы жылулықтың, қауіпсіздіктің және өзара сыйластықтың мекені болуы тиіс. Отбасында көрген физикалық, психологиялық, экономикалық немесе өзге де қысым балалардың тәрбиесіне және жалпы қоғамның тұрақтылығына кері әсерін тигізеді. Әсіресе, отбасындағы зорлық-зомбылықтың куәсі болған балалардың психологиялық дамуына келетін зиян орасан. Осы тұрғыдан алғанда тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес – бір адамның құқығын қорғау ғана емес, келешек ұрпақтың қауіпсіз ортасын қалыптастыру тетігі екенін ескергеніміз жөн.



Айгүл АБЛАЕВА,
Қызылорда қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

Екіншіден, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жасау бағытында заңнамалық тетіктер үнемі түсіндіріліп, халықтың құқықтық сауатын көтеру бағытындағы жұмыстар жүйелі сипат алуы қажет. Кейбір жәбірленушілер қорқыныштан, материалдық тәуелділіктен немесе балалардың тағдырын ойлап, құқық қорғау органдарына жүгінуден бас тартады. Ал заңнан жан-жақты хабардар болу азаматтардың сенімділігін арттырады.

Үшіншіден, құзырлы органдар тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қалыпты жағдай деп қарамай, әр іске, әр қоңырауға мән беріп, бүгінгі тұрмыстық кемсіту ертең ауыр қылмысқа айналмауының алдын алуы маңызды.

Төртіншіден, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тосқауыл қоюда тек жазалау шараларына сүйену жеткіліксіз. Ең алдымен, қоғамда құқықтық мәдениетті, өзара құрмет пен жауапкершілік қағидаттарын қалыптастыру қажет. Балаларды кішкентай кезінен өзгенің құқығын құрметтеуге, ашу-ызаны күш қолданбай басқаруға, мәселелерді өзара түсіністік арқылы шешуге үйрету керек.

Бесіншіден, азаматтық қоғам да бұл мәселеден шет қалмауы тиіс. Білім беру ұйымдары, еңбек ұжымдары және бұқаралық ақпарат құралдары жеке бастың құқығына қатысты талаптарды сақтап қана қоймай, халықтың сауатын көтеруге бір кісідей атсалысқаны жөн. Өйткені тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес – тек құқық қорғау органдарының немесе сот жүйесінің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖОЛДАУ МІНДЕТТЕРІ – ӨҢІРЛЕРДЕГІ КЕЗДЕСУ АРҚАУЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қарағандыдан Павлодарға, Шығыс Қазақстаннан Солтүстік Қазақстанға дейін жалғасқан жұмыс сапарларының негізгі мақсаты – ел дамуының басым бағыттарын тұрғындармен, еңбек ұжымдарымен, білім және медицина саласының өкілдерімен талқылап қана қоймай, олардың ұсыныстары мен өңірлердегі өзекті мәселелерін мемлекеттік саясаттың күн тәртібіне шығару.

Бұл кездесулердің мазмұнына үңілсек, бірнеше ортақ бағыт айқын көрінеді. Олар – әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту, өнеркәсіптік әлеуетті арттыру, адами капиталды дамыту, еңбек адамының жағдайын жақсарту және мемлекеттік бастамалардың орындалуына қоғамдық бақылауды күшейту.

Өңірлердегі кездесулерде ең көп көтерілген мәселелердің бірі – әлеуметтік инфрақұрылымның жай-күйі. Бұл, әсіресе, шалғай елді мекендердегі медициналық қызметтің қолжетімділігі, білім беру нысандарының сапасы, жол және коммуналдық желілердің жағдайына қатысты.

Шығыс Қазақстан облысының Глубокое ауданында өткен кездесуде тұрғындар медициналық пункттердің тапшылығын көтерді. Құрылтай депутаты Ерлан Сайыр бұл мәселені Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп қарастыру қажеттігін атап өтіп, жаңа нысандар салумен қатар, қолданыстағы медициналық пункттерді жаңғыртуға да басымдық беру керектігін айтты.

Риддер қаласында да медицина мамандарының тапшылығы өзекті мәселе ретінде көтерілді. Құрылтай депутаты Жұлдыз Данбаева денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту, медицина қызметкерлерін қолдау және перинаталдық қызметтің әлеуетін арттыру қажеттігіне тоқталды. Ал Солтүстік Қазақстан облысында Құрылтай депутаты Қайрат Айтуғанов білім беру және медицина саласының өкілдерімен кездесіп, әлеуметтік нысандардың сапасы мен қолжетімділігіне назар аударды.

Жолдауда алғашқы кезеңде өңірлерде 70-ке жуық денсаулық сақтау нысанын, сондай-ақ білім беру, мәдениет және спорт салаларында 50-ге жуық нысан салу көзделген. Бұл бастамалардың маңызы – жаңа ғимараттар тұрғызумен ғана шектелмей, азаматтардың сапалы қызмет алуына жағдай жасауында. Осы ретте мәселенің екінші жағын да естен шығармаған жөн. Әлеуметтік нысан салу – жұмыстың бір бөлігі ғана. Оның заманауи құрал-жабдықпен қамтамасыз етілуі, білікті мамандармен жасақталуы және тұрақты жұмыс істеуі де маңызды.

Жұмыс сапарларының тағы бір маңызды бағыты – өндіріс орындарындағы еңбек ұжымдарымен тікелей кездесу. Теміртаудағы Qarmet металлургиялық комбинатында Құрылтай депутаттары, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері мен Үкімет өкілдері өндіріс нысандарын аралап, металлургия саласының даму перспективаларын талқылады. Құрылтай депутаты Вадим Басин өнеркәсіпті жаңғырту, инновациялық технологияларды енгізу және білікті кадрлар даярлау мәселелерінің өзара тығыз байланысты екенін атап өтті. Оның пікірінше, кәсіпорындардың жаңа экономикалық жағдайларға бейімделу жылдамдығы олардың бәсекеге қабілеттілігі мен отандық өндірістің болашағын айқындайды.

Павлодар облысында да өнеркәсіп пен адами капиталды дамыту мәселелері күн тәртібінен түскен жоқ. Торайғыров университетінің студенттері мен оқытушылары, «Қазақстан алюминийі» АҚ еңбек ұжымы және «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ өкілдерімен кездесулерде өндірісті жаңғырту, энергетиканы дамыту, еңбек өнімділігін арттыру және техникалық мамандықтардың болашағы сөз болды. Құрылтай депутаты Илья Теренченко техникалық білім алып жатқан жастар үшін алдағы уақытта жаңа мүмкіндіктер ашылатынын атап өтті. Өйткені өндіріс орындарының дамуы жаңа кәсіпорындар мен жұмыс орындарын қалыптастырумен қатар, білікті мамандарға сұранысты арттырады.

Солтүстік Қазақстан облысындағы С.М. Киров атындағы зауытта өткен кездесуде кәсіпорынды жекешелендіру мәселесі де қозғалды. Өндіріс бастығы Александр Криволапов ұжымдағы 475 адамның жұмыс орнының сақталуы мен кәсіпорынның болашақ дамуы үшін жеке инвестиция тартудың маңыздылығына тоқталды.

Шығыс Қазақстан мен Солтүстік Қазақстан облыстарындағы кездесулерде жол және көлік инфрақұрылымын дамыту мәселелері ерекше назарда болды. Риддер қаласында көлік-логистикалық инфрақұрылымды жетілдіру, жылу электр орталығын жаңғырту және қалалық шаруашылықты ретке келтіру қажеттігі айтылды. Көлік вице-министрі Мақсат Қалиақпаров халықаралық көлік дәліздерін дамыту, өткізу пункттерін жаңғырту және отандық тасымалдаушыларды қолдау бағыттарына тоқталды. Ал Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындары үшін «Көкшетау – Петропавл» автожолын қайта жаңғырту бастамасының маңызы зор. Жол сапасы – тек көлік қатынасының мәселесі емес. Ол ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдауға, кәсіпкерлікті дамытуға, тұрғындардың әлеуметтік қызметтерге қол жеткізуіне тікелей ықпал етеді. Осы міндеттердің барлығы Президент жолдауында көтерілген «Халықтық құрылыс» бастамасымен сабақтас. Оның негізгі мәні – инфрақұрылымдық жобаларды елдің барлық өңірінде жүзеге асырып, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту.

Қарағандыдағы Қазтұтыну одағы университетінде Құрылтай депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов білім саласының өкілдерімен және студенттермен кездесіп, елдің жаңа даму кезеңіндегі басымдықтарды талқылады.Ол мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту саяси реформалармен шектелмей, әрбір азамат сезіне алатын нақты нәтижелермен жалғасуы қажеттігін атап өтті. Кездесуде «халықтық цифрлық экономика» тұжырымдамасы, жасанды интеллектті енгізу, жұмыспен қамту және азаматтардың табысын арттыру мәселелері де қозғалды. Бұл ретте жастардың білім сапасы, кәсіби дағдылары мен еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігіне ерекше мән берілді.

Шын мәнінде, цифрлық экономика мен технологиялық жаңғырудың табысты болуы ең алдымен адами капиталға байланысты. Заманауи өндіріс те, жаңа инфрақұрылым да, тиімді мемлекеттік басқару да білікті мамансыз жүзеге аспайды. Сондықтан жоғары оқу орындары мен өндіріс арасындағы байланысты нығайту, жастарды еңбек нарығының нақты сұранысына сай даярлау – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі.

Өңірлердегі кездесулердің ортақ ерекшелігі – мемлекеттік органдар мен халық арасындағы тікелей байланыстың нығаюы. Құрылтай депутаттары мен орталық мемлекеттік органдар өкілдері тұрғындардың сұрақтарына жауап беріп қана қоймай, олардың ұсыныстары мен мәселелерін тыңдауға мүмкіндік алды. Мәселен, Теміртауда өткен кездесудің қорытындысында депутаттық корпус пен нақты сектор өкілдері арасындағы тұрақты байланыс арнасын сақтаудың маңыздылығы атап өтілді. Тұрғындар мен еңбек ұжымдарынан түскен ұсыныстарды жүйелеп, оларды Құрылтайдың сараптамалық және заң шығару жұмысына пайдалану қажеттігі айтылды. Бұл – қоғамдық диалогтың нақты нәтижеге ұласуы үшін маңызды тетік.

Жалпы, Қарағанды, Павлодар, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы кездесулер Президент жолдауындағы міндеттердің әр өңірдің өзіндік ерекшелігіне қарай жүзеге асырылуы қажеттігін көрсетті. Бір жерде медициналық пункт жетіспесе, екінші өңірде жылу желілері мен жол мәселесі өзекті. Өнеркәсіптік қалаларда өндірісті жаңғырту мен еңбек ұжымының тұрақтылығы маңызды болса, жастар арасында сапалы білім мен жұмысқа орналасу мәселесі алдыңғы қатарға шығады.

Мемлекеттік саясаттың тиімділігі қабылданған шешімдер мен жарияланған бастамалардың санымен емес, олардың азаматтардың күнделікті өміріне әкелген нақты өзгерістерімен өлшенеді. Сондықтан Құрылтай депутаттарының өңірлерге барып, халықпен жүздесуі – жолдауды түсіндіру науқаны ғана емес, мемлекеттік міндеттердің орындалуын жергілікті деңгейдегі сұраныспен ұштастырудың маңызды жолы. Ендігі міндет – кездесулерде айтылған әрбір өзекті мәселенің назардан тыс қалмай, нақты шешімін табуы.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

САРАП

Сатып алған тауары сапасыз болып шықса, тұтынушы не істейді? Сатушы ақшаны қайтарудан бас тартса, кімге жүгінеді? Ал кепілдікке берілген зат жөнделмей, керісінше бүлінсе, оның жауапкершілігін кім көтереді? Күнделікті сауда-саттықта туындайтын осындай мәселелер кейде ұзаққа созылған дауға ұласады. Қазақстанда тұтынушылардың құқықтарын қорғауға қатысты ресми өтініштердің саны да аз емес. 2026 жылдың алғашқы тоғыз айында тиісті мемлекеттік органдарға шамамен 72,6 мың өтініш түскен. Бұл көрсеткіш қоғамдағы қандай мәселелерді аңғартады?

72,6 МЫҢ ӨТІНІШ: САУДАДАҒЫ ДАУ НЕДЕН ТУАДЫ?



Тоғыз айда 72,6 мың өтініш түскен

Сауда және интеграция министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің мәліметіне сәйкес, тоғыз айда комитет пен оның аумақтық департаменттеріне шамамен 72,6 мың өтініш түскен. Олардың басым бөлігі бөлшек және электрондық саудаға, тұрмыстық қызметтер мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларына қатысты болған. Ресми есепке сүйенсек, 23,1 мың өтініш бойынша тұтынушылардың талаптары қанағаттандырылған. Бұл жалпы өтініштердің 31,9 пайызын құрайды. Ал 26,6 мың өтініш бойынша азаматтарға құқықтық көмек көрсетілген. Тағы 16 мың өтініш құзыретіне қарай тиісті мемлекеттік органдарға жолданған.

Шағымдардың басым бөлігі сауда саласына қатысты

Мәселенің сипатын түсіну үшін комитеттің алғашқы алты айға арналған статистикасына назар аударуға болады.

Аталған кезеңде мемлекеттік органдар шамамен 47 мың өтінішті қараған. Оның 18,4 мыңы, яғни 39,1 пайызы бөлшек сауда саласына қатысты болған. Электрондық сауда бойынша 9,7 мың өтініш тіркелген. Бұл жалпы көрсеткіштің 20,6 пайызына тең. Тұрмыстық қызметтерге қатысты 4 мың, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласына байланысты 2,9 мың өтініш қаралған. Осылайша, алғашқы жартыжылдықта түскен өтініштердің жартысынан астамы бөлшек және электрондық саудаға тиесілі болған.

Елордадағы жағдай да осы мәселенің өзектілігін аңғартады. Астана қаласы әкімдігінің ресми сайтында жарияланған мәлімет бойынша, тоғыз айда қалалық Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті 10 102 өтінішті қараған. Ведомство өкілдері жиі кездесетін мәселелердің қатарында сапасыз тауар сатып алу, ақшаны қайтарудан бас тарту, шарт талаптарының орындалмауы, сапасыз қызмет көрсету және тауар туралы толық емес немесе дұрыс емес ақпарат беруді атаған. Аталған кезеңде елордада 4 837 өтініш бойынша тұтынушылардың құқықтары қалпына келтірілген. Ал азаматтарға қайтарылған қаражат 370 миллион теңгені құраған.

Мұндай жағдайлардың бірі Астана қаласында тіркелген. 2026 жылғы 3 қарашада Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті сапасыз ұялы телефонға қатысты даудың тұтынушы пайдасына шешілгенін хабарлады. Комитет мәліметінше, азамат маркетплейс арқылы iPhone 17 Pro 256Gb Dual eSIM ұялы телефонын 728 277 теңгеге сатып алған. Алайда тауарды алған кезде құрылғы микрофонының жұмыс істемейтіні анықталған. Сатып алушы телефонды Алматы қаласындағы сатушыға кері жолдаған. Бірақ сервистік орталық құрылғыда ақау жоқ деген қорытынды берген. Сатушы осы құжатқа сүйеніп, ақшаны қайтарудан бас тартқан және телефонды сатып алушыға қайта жіберген.

Тұтынушы бұл шешіммен келіспей, Астанадағы тәуелсіз сервистік орталыққа жүгінген. Тексеру нәтижесінде құрылғыда зауыттық ақаудың бар екені анықталып, тиісті актімен расталған. Осыдан кейін азамат сатушыға жазбаша наразылық жолдаған. Алайда жауап ала алмаған соң Астана қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне жүгінген. Мемлекеттік орган мамандары жүргізген құқықтық және түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде сатушы сапасыз тауарды кері қабылдап, тұтынушыға 728 277 теңгені толық қайтарған. Бұл оқиғада тәуелсіз сервистік орталықтың актісі маңызды дәлел болған.

Сапасыз тауарға қатысты тағы бір оқиға 5 қарашада жарияланды. Астана тұрғыны құны 480 мың теңге болатын ноутбук сатып алған. Пайдалану барысында құрылғы ара-тұра қатып қалып, өздігінен қайта жүктеле бастаған. Осыған байланысты азамат ноутбукты сервистік орталыққа кепілдік жөндеуге тапсырған. Алайда екі аптадан кейін құрылғыны қайтарып алған кезде бастапқы ақаудың жойылмағаны белгілі болған. Оның үстіне ноутбук корпусының бір бұрышында жаңа механикалық зақым пайда болған. Комитеттің хабарлауынша, сервистік орталық қызметкерлері құрылғыны қабылдау кезінде оның бастапқы сыртқы жағдайы толық сипатталған құжатты тұтынушыға бермеген. Сатып алушы сатушыға зақымды жою және сапалы жөндеу жүргізу туралы жазбаша талап жолдағанымен, өтініші жауапсыз қалған. Нәтижесінде ол Астана қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне жүгінген. Департаменттің көмегімен мәселе сотқа дейінгі тәртіппен шешіліп, тұтынушыға ноутбуктың толық құны, яғни 480 мың теңге қайтарылған. Бұл жағдай кепілдік жөндеуге берілетін тауардың жай-күйін алдын ала тіркеудің маңызын көрсетеді.

Заң тұтынушыны қалай қорғайды?

Қазақстанда тұтынушылардың құқықтары «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңмен реттеледі. Заңның 15-бабында тиісті емес сападағы тауар сатылған жағдайда тұтынушының құқықтары белгіленген. Егер сатушы тауардың кемшіліктері туралы алдын ала ескертпесе, тұтынушы заңда көзделген жағдайларда сатып алу бағасын мөлшерлес азайтуды, кемшіліктерді өтеусіз жоюды, оларды жоюға жұмсалған шығындарды өтеуді немесе тауарды ауыстыруды талап ете алады. Сондай-ақ шартты бұзып, төленген ақшаны қайтару мүмкіндігі қарастырылған. Дегенмен талаптың орындалуы тауардың сипатына, кемшіліктің ерекшелігіне, кепілдік мерзіміне және заңда белгіленген өзге де шарттарға байланысты. Жекелеген тауар түрлеріне арнайы талаптар қолданылады. Ал заңның 14-бабында тиісті сападағы тауарды айырбастау немесе қайтару құқығы көзделген. Мәселен, сатып алынған азық-түлікке жатпайтын тауардың мөлшері, түсі, пішіні немесе өзге сипаттамалары сәйкес келмесе, тұтынушы оны заңда белгіленген шарттармен 14 күн ішінде айырбастауға құқылы. Егер сатушыда айырбастауға қажетті тауар болмаса, сатып алушы төленген ақшаны қайтаруды талап ете алады. Бірақ бұл ереже барлық тауарға бірдей қолданылмайды. Заңның 30-бабында жекелеген санаттарға қатысты ерекшеліктер бар.

Тұтынушыларда кездесетін тағы бір мәселе – жазбаша талаптың жауапсыз қалуы «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңның 42-4-бабына сәйкес, сатушы, дайындаушы немесе орындаушы тұтынушының наразылығын қарауға міндетті. Егер ол қойылған талаптармен келіспесе, наразылықты алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде дәлелді жазбаша жауап беруге тиіс. Тұтынушы шағымында тауардың қашан және қайдан сатып алынғанын, қандай кемшілік анықталғанын және қандай шешімді талап ететінін нақты көрсетуі қажет. Сатып алуды растайтын құжаттарды, шарттарды, кепілдік талондарын, сатушымен жазысқан хабарламаларды, фотосуреттер мен басқа да дәлелдерді сақтау маңызды. Ал сатушы белгіленген мерзімде жауап бермесе немесе құқық бұзушылықты ерікті түрде жоюдан бас тартса, азамат құзыретті мемлекеттік органға жүгіне алады. Мұндай өтініштерді e-Otinish ақпараттық жүйесі арқылы да жолдауға болады. Қажет болған жағдайда тұтынушының өз мүддесін сот тәртібімен қорғауға құқығы бар. Дегенмен азаматтың құқықтық сауаттылығы кәсіпкердің заң алдындағы міндетін жоққа шығармайды. Сатушы да тауар туралы шынайы ақпарат беруге, шарт талаптарын орындауға және тұтынушының заңды талаптарын уақытылы қарауға міндетті.

2,1 миллиард теңге көлемінде құқық қорғалған

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің тоғыз айлық қорытындысында мемлекеттік бақылау нәтижелері де жарияланған. Ресми есеп бойынша, осы кезеңде аумақтық департаменттер кәсіпкерлік субъектілеріне 1 347 тексеру жүргізген. Бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 38 пайызға көп.

Тексерулер нәтижесінде 1 836 әкімшілік іс қозғалып, салынған айыппұлдардың жалпы сомасы 54,3 миллион теңгені құраған.

Сонымен қатар қабылданған шаралардың нәтижесінде 2,1 миллиард теңге көлемінде тұтынушылардың құқықтары қорғалған. Бұл көрсеткішке азаматтарға қайтарылған қаражат қана емес, айырбасталған және ауыстырылған тауарлардың құны да кіреді.

Мәселе тек заңды білуде ме?

Ресми статистикаға сүйенсек, азаматтар көбіне күнделікті тұтынатын тауарлар мен қызметтерге байланысты құқықтық мәселелер көтереді. Оның ішінде сапасыз өнім, ақшаны қайтару және шарттың орындалуы сияқты жағдайлар бар.

Өтініштердің көп болуы азаматтардың құқықтары жиі бұзылатынын ғана емес, олардың мемлекеттік органдарға жүгіну белсенділігін де көрсетуі мүмкін. Алайда мұның нақты себептерін анықтау үшін жеке талдау қажет. Қалай болғанда да, тұтынушы құқығы тек заң мәтінінде қалмауы тиіс.

Аружан МАУЛЕНБАЙ

№ 84 (3911)
10 қараша 2026 жыл
zangazet@mail.ru

КИЕ

МЕМЛЕКЕТКЕ ҚҰРМЕТ
ТІЛГЕ ҚҰРМЕТТЕН БАСТАЛАДЫ

Мемлекеттік тіл – ұлттық сананың кілті, сол себептен бұл мәселе аса маңызды және өзекті. Мемлекеттік тіл ұлттың жан дүниесін, рухани негізін, ел еркіндігі мен ұлтты танытатын басты белгі ретінде қаралады. Сондықтан мемлекеттік тілді білу – елдің ұлтын сыйлау, мемлекет алдындағы жауаптылығының барын және мемлекетке деген сыйластығыңды көрсету деп түсінген жөн.

Мемлекеттік тілде сот ісін жүргізу мәселесі күн тәртібінен бір сәтке де түскен жоқ. Жетісу облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының «Төрелік» ақпараттық жүйесінің статистикалық есебіне сәйкес, 2026 жылдың 10 айында мемлекеттік тілдегі кіріс хат-хабарлары 94 %, шығыс және ішкі хат-хабарлары 100% құрап отыр.

Сотпен қаралған істердің 60% мемлекеттік тілде. Осы бағытта мемлекеттік органдар, адвокаттар мен заңгерлердің қатысуымен сотта семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізілген, мемлекеттік органдарға ескерту хаттар жолданған. Жоғарыда көзделген іс-шаралардан нәтиже бар, себебі қылмыстық істер сотқа мемлекеттік тілде түсіп, сот ісін мемлекеттік тілде қарау көрсеткіші жыл сайын өсіп келеді.

ҚР Қылмыстық процестік кодексінің 30-бабына сай Қазақстанда қылмыстық сот іс қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады. Сот ісін жүргізу тілі сотқа іс берілген тілге байланысты сот қаулысымен белгіленеді.

Іс жүргізіліп отырған тілді білмейтін немесе жеткілікті түрде білмейтін іске қатысатын адамдарға аудармашының қызметтерін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, оларға қажетті іс материалдарының аудармасы тегін қамтамасыз етіледі.



М.МОЛДАБАЕВ,
Жетісу облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісі басшысының орынбасары

Тіл туралы заң талаптарының сақталуы соттың үнемі назарында. Тіл мәселесі бір күндік немесе бір кезеңдік іс-шара емес, тәуелсіздігіміз тұғырлы болу жолындағы негізгі, басты бағыттардың бірі. Қазақстанның мемлекеттік тілі барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы, ортақ мақсатқа жетелеуші екендігін әрдайым есте ұстау қажет.

МЕДИАЦИЯ

Қазіргі құқықтық мемлекет жағдайында азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғау маңызды міндеттердің бірі.

ЖАРИЯ-ҚҰҚЫҚТЫҚ **ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ** МАҢЫЗДЫ ТЕТІГІ

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің қабылдануымен мемлекеттік органдардың шешімдеріне, әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне байланысты туындайтын жария-құқықтық дауларды шешуде әкімшілік сот ісін жүргізу ерекше орын алады.

Кодекстің негізгі мақсаты – жария-құқықтық қатынастарда азаматтар мен әкімшілік органдар арасындағы дауларды әділ әрі тиімді шешу.

Осы тұрғыдан алғанда, медиация әкімшілік дауды сот шешімі арқылы ғана емес, тараптардың келісімі арқылы аяқтауға мүмкіндік беретін құқықтық тетік ретінде маңызды.

ӘРПК-нің 120-бабына сәйкес, тараптар әкімшілік процестің барлық сатысында, сот шешім шығаруға кеткенге дейін, өзара жол беру негізінде татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасай алады. Мұндай келісім арқылы әкімшілік іс толық немесе ішінара аяқталуы мүмкін. Бұл норма әкімшілік процесте дауды баламалы жолмен шешуге мүмкіндік береді. Яғни сот тараптардың құқықтық позицияларын ғана бағалап қоймай, олардың дауды өзара келісім арқылы аяқтау мүмкіндігін де ескереді.

Сонымен қатар, ӘРПК бойынша жауапкердің әкімшілік қалауы болған жағдайда тараптардың татуласуына жол беріледі. Бұл талап әкімшілік даулардың табиғатына байланысты ерекше маңызға ие.

Әкімшілік орган заңмен белгіленген өкілеттіктер шегінде әрекет ететіндіктен, ол кез келген жағдайда өз еркімен талап қоюшының талабын қанағаттандыра алмайды. Сондықтан медиацияның мүмкіндігі әкімшілік органға берілген өкілеттіктер мен әкімшілік қалаудың шегінде анықталады.

«Медиация туралы» заңның 27-1-бабында әкімшілік сот ісін жүргізу барысында медиацияның арнайы ерекшеліктері белгіленген.

Аталған нормаға сәйкес, әкімшілік сот ісін жүргізуде дауларды қарау кезінде медиацияға жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде жол беріледі. Сонымен бірге медиация заңда оған тыйым салынбаған және тиісті жария-құқықтық қатынастың мәніне қайшы келмейтін жағдайларда қолданылуы мүмкін. Осы талаптың мәні – мемлекеттік органның медиация барысында белгілі бір әрекетті жасау немесе шешім қабылдау мүмкіндігі заңмен берілген өкілеттікке негізделуі тиіс.

Мысалы, егер мемлекеттік орган белгілі бір мәселе бойынша заңда белгіленген бірнеше шешімнің бірін таңдауға құқылы болса, мұндай әкімшілік қалаудың болуы тараптарға медиация арқылы дауды реттеуге мүмкіндік бере алады. Ал әкімшілік орган заңмен міндетті түрде белгілі бір шешім қабылдауы көзделген жағдайда, медиация арқылы заң талаптарына қайшы келетін міндеттеме белгілеуге жол берілмейді.

Медиация туралы келісім оның орындалуын қамтамасыз ететін талаптарды, тараптарды татуластыратын шарттарды және сот шығыстарын бөлу тәртібін қамтуға тиіс. Сот тараптардың медиация туралы келісімді бекіту жөніндегі өтінішхатын сот отырысында немесе алдын ала тыңдауда қарайды.

Сот келісімді автоматты түрде бекітпейді. Егер келісімнің шарттары заңға қайшы келсе немесе басқа адамдардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзса, сот оны бекітуден бас тартады. Бұл талап медиация институтының маңызды кепілдіктерінің бірі. Себебі, әкімшілік даудың бір ғана тарапын – талап қоюшыны немесе жауапкерді қанағаттандыру жеткіліксіз. Келісім заңдылық қағидатына және жария мүддеге сәйкес болуы қажет.

Әкімшілік сот ісін жүргізуде медиацияны қолданудың бірнеше артықшылығы бар.



Р. САҒЫНДЫҚОВА,
Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

Біріншіден, уақыт үнемделеді. Тараптар дауды толық сот талқылауынан өткізбей, өзара келісімге келе алады.

Екіншіден, тараптардың құқықтық мүдделері ескеріледі. Сот шешімінде тараптардың бірінің позициясы басым болуы мүмкін, ал медиация кезінде екі тарап үшін де қолайлы шешім ізделеді.

Үшіншіден, мемлекеттік орган мен азамат арасындағы қатынасқа оң әсер етеді. Медиация дауласушы тараптардың тек құқықтық емес, ұйымдастырушылық және практикалық мәселелерді де шешуіне мүмкіндік береді.

Төртіншіден, соттарға түсетін жүктемені азайтуға ықпал етеді. Даудың бір бөлігі немесе толық көлемі келісіммен аяқталған жағдайда сот ресурстары үнемделеді.

Әкімшілік сот ісін жүргізудегі медиацияның тиімділігіне қарамастан, оны қолдануда бірқатар мәселелер бар. **Басты мәселе –** әкімшілік органның өкілеттіктері мен әкімшілік қалауының шектеулі болуы. Мемлекеттік орган медиация барысында заңда көзделмеген міндеттемені қабылдай алмайды.

Екінші мәселе – азаматтардың медиация мүмкіндігі туралы құқықтық хабардарлығының жеткіліксіздігі. Азамат мемлекеттік органмен соттасу кезінде дауды келісім арқылы шешуге болатынын әрдайым біле бермеуі мүмкін.

Үшінші мәселе – медиацияның әкімшілік процестегі ерекшеліктерін практикада біркелкі қолдану қажеттілігі. Осыған байланысты сот практикасын жүйелеу және медиаторлар мен әкімшілік сот судьяларының осы саладағы кәсіби даярлығын жетілдіру маңызды.

Әкімшілік сот ісін жүргізудегі медиация – азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы жария-құқықтық дауларды тиімді шешудің маңызды тетігі.


Медиацияның негізгі артықшылығы – дауды тек құқықтық тұрғыдан шешіп қана қоймай, тараптардың өзара келісіміне негізделген нәтижеге қол жеткізуі. Осы институтты одан әрі дамыту азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімділігін арттырып, әкімшілік сот төрелігінің қолжетімділігі мен тиімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Осыған байланысты әкімшілік сот ісін жүргізуде медиацияны қолдану практикасын жетілдіру, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және әкімшілік органдардың медиация рәсіміне қатысу мәдениетін қалыптастыру Қазақстанның қазіргі құқықтық жүйесінің маңызды бағыттарының бірі болып есептеледі.

БАҒДАР

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ **СЕНІМДІ** АРТТЫРАДЫ

«Қазақстанның сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңы 2-1-тараумен толықтырылды. Онда кассациялық сот жөнінде норма көзделген. Аталған тараудың 16-2-бабына сәйкес, Кассациялық соттарды Жоғарғы Сот төрағасының Жоғарғы Сот Кеңесімен келісіп ұсынуы бойынша ҚР Президенті құрады, қайта ұйымдастырады, атауын өзгертеді және таратады.



Кассациялық сот – төмен тұрған соттардың шешімдеріне шағымдарды кассациялық тәртіппен қарайтын, яғни Жоғарғы Сот сатысы. Бірінші сатыдағы соттардың түпкілікті шешімдеріне және апелляциялық соттың шешімдеріне кассациялық сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отандық бизнес өкілдерімен кездесуде азаматтардың құқықтарын сапалы қорғауды қамтамасыз ету үшін жекелеген кассациялық соттар құрудың маңыздылығы туралы атап өтті.

Кассациялық сотты тәжірибеге енгізу сотқа кететін қаржыға нұқсан келтірмей, азаматтардың ұсыныс-талабын ескере отырып шешім шығаруға жол ашты. Бұл жүйенің қарапайым халық үшін тиімді тұстары өте көп деп айта аламын. Тәуелсіз кассациялық сот азаматтық, әкімшілік, қылмыстық істер бойынша тек Астанада ғана құрылды. Кассациялық сотқа апелляциядан әділдік таппағандар шағымданады. Бүкіл облыстан апелляцияда қаралғаннан кейін, олар елордадағы кассациялық сотқа өзінің бағыты бойынша жүгінетін болады.

Сот жұмысына, судьялар шығарған сот актілерінің сапасына арызданушылар аз емес. Әрине, сот отырысында екі тараптың мүддесі қозғалғандықтан, жеңілген тараптың өкпе-реніші болатыны рас. Бірақ дауларды шешудің баламалы тәсілдерін енгізу сот актілерін түсіндіру, сот отырысының дыбыс-бейне таспаға жазу бойынша қолға алынған шаралар сот жұмысына деген наразылықты біршама төмендеткен еді. Жоғарғы Сот бұл нәтижемен тоқтап қалмай, төрелікке деген сенімді қалыптастыруға түрткі болатын тетіктерді жан-жақты қарастыруда.

Мөлдір МҰСАҒАЛИ,
Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы

ТАҒЗЫМ

БІР ДӘУІРДІҢ КӨРКЕМ ШЕЖІРЕСІ

Жамбыл Жабаев – қазақ руханиятының көркемдік бастауларын биік деңгейге көтерген, халықтық поэзияның ғасырлар бойы жалғасып келген дәстүрін жаңа заманға жеткізген ұлы тұлға. Оның өнері – қазақ ауыз әдебиетінің үзілмеген алтын арқауы, жыраулық дәстүрдің көркем шыңы, халықтың жан дүниесін, ұлттық рухын, өмірлік тәжірибесін, дүниетанымын тұтас қамтыған кең тынысты поэзия.



Аида ӘЖМАДИН,
Ақтөбе қалалық №2 сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

Ақынның шығармашылығы – халықтық болмыс пен көркемдік өрлеудің ғажайып синтезі. Жамбыл жырына тән ең басты ерекшелік – оның кең тынысты эпикалық қуаты. Ол жеке адамның емес, тұтас елдің сөзін сөйледі. Жыраулық позициядағы биік пафос, тарихи оқиғаларды жырмен бейнелеу, елдік мүддені қорғау – оның поэзиясының негізгі өзегі. Ақын сөзінің салмағы халық тұрмысының тереңінен алынғандықтан, әр жыры шынайылыққа, өмірлік дәлдікке толы. Жамбылдың поэзиясы халық рухының айнасы іспетті: онда ұлттық мінез де, ұлттық зерде де, тарихи жад та, елдік арман да қатар көрініс табады.

Жамбылдың өнерінде тілдің бейнелілік мүмкіндігі жарқырап ашылады. Өлеңдеріндегі сөз өрнегі – аса қою, образды, қуатты. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық сөз қорын шығармашылықпен қолданып, бейнелі тіркестерді жаңа мағынамен байытты.

Жамбыл поэзиясында батырлық рух ерекше орын алады. Ол ел ерлерін, халық қорғаған тұлғаларды асқақтатып жырлап, олардың ерлігі мен рухын кейінгі ұрпаққа жеткізді. Батырлар бейнесі – тек тарихи тұлға ғана емес, өмірлік идеал, адамгершілік пен ұлттық намыстың символы ретінде көрінеді. Жамбылдың эпикалық қарқыны, батырлық жырларындағы пафосы көркемдік әсерді арттырып, поэзияны шыңдай түседі. Бұл оның жырларын бүгінгі кезеңде де рухтандыратын, жігер беретін құдіретті мұраға айналдырады.

Жамбыл шығармашылығының қайнар көзі – халықтық даналық. Оның әрбір өлең жолында мақал-мәтел, халықтық ойға жақын нақтылық пен жинақылық бар. Ақын өмірдің күрделі құбылыстарын қарапайым, бірақ терең мағынамен жеткізе білді. Оның жырлары тек сұлу сөз емес, адамды ойландыратын, тәрбиелейтін, изгілікке үндейтін рухани бағдар.

Жамбылдың шеберлігі – жырды импровизациямен айтуында. Ол өлеңді алдын ала жазып дайындалмай, ауызша суырыпсалып тудыратын дәстүрдің соңғы алыптарының бірі. Бұл әдіс оның шығармашылығына еркіндік, табиғилық, эмоциялық серпін берді.

Ақын поэзиясының көркемдік-эстетикалық қуаты оның заманымен үндестігіне де байланысты. Ол өз дәуірінің ерекше сәттерін, қуаныш пен қайғысын, үміт пен күдігін жырымен тігісін жатқызып жеткізді. Жамбылдың сөзі – тек тарихи шындықтың көрінісі ғана емес, сонымен қатар сол дәуірде өмір сүрген адамдардың жан күйзелісі мен үмітінің көркем айғағы. Оның өлеңдерін оқыған кезде сол уақыттың рухы, тынысы сезіледі. Бұл – ақындық қуаттың ең жарқын белгісі.

Жамбыл шығармашылығының мәңгілік болу себебі – оның поэзиясының адамзаттық құндылықтарға негізделуінде. Уақыттың өзгеруі, заманның алмасуы оның жырларының маңызын кемітпейді. Керісінше, әр буын Жамбыл сөзінен өзіне қажет рухани нәр алады. Оның жырлары халықпен бірге жасасып келе жатқан құдіретті мұраға айналды. Ақынның көркем әлемі – ұлттық сананың терең қабаттарын ашып, рухты биіктететін ерекше құндылық.

Жамбыл Жабаев – тек ақын емес, бір дәуірдің көркем шежіресі. Оның поэзиясы ұлттық рухтың мызғымас тірегі, өшпес өнердің айғағы болып қала береді. Жамбыл жырлары – халықтың жаны мен жүрегінен туған мәңгілік жыр.

ТАЛҚЫ

ЖАҢА АЗАМАТТЫҚ КОДЕКС ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында Азаматтық кодексті дайындау туралы тапсырма берді. Осыған орай «Азаматтық кодексті жаңғырту қандай қажеттіліктен туындады? Жаңа кодекс қандай болуы керек?» деген сауалдарды мамандар талқысына салған едік.



Сарсенгали АЛДАШЕВ



Нұргүлсім БЕСБАЕВА



Советхан СӘКЕНҰЛЫ



Сақыпжамал ДӘРІҚҰЛОВА



Жанар КАРАШЕВА

Сарсенгали АЛДАШЕВ,
заң ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Заң факультетінің азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының қызметкері:

Заңнама тарихи миссиясын толықтай орындап шықты

Қазір қоғамда бұл сауал бойынша үлкен пікірталас жүріп жатқаннан кейін бізге де өзіміздің ойымызды білдіруге мүмкіндік болып тұр. Біріншіден, Президент жолдауына сәйкес 2027 жылдың аяғына дейін елімізде жаңадан Азаматтық кодекс қабылдануы тиіс. Қазіргі қолданыстағы Азаматтық кодекс 2 бөлімнен, жалпы және ерекше бөлімнен тұратыны баршамызға мәлім. Алғашқы жалпы бөлім 1994 жылы, ерекше бөлім 1999 жылы қабылданып, өзінің қоғам алдындағы тарихи миссиясын, қойылған талаптардың барлығын толықтай орындап шықты.

Қазіргі дамыған заманда әлемдік экономика цифрлық қатынастарды, цифрлық активтерді, платформалық экономиканы, IT технологияларды қолданып жатқан кезде біз Азаматтық кодекстің жаңадан қабылдануын қолдаймыз. Сонымен қатар кодексте болашақта меншікке байланысты, шартқа байланысты негізгі институттардың түсініктерін қайта жаңадан қарау керек. Заңды тұлғалар, азаматтар, шетелдік кәсіпорындардың, инвесторлардың осы біздің елдің экономикасына қосатын үлесіне сәйкес олардың құқықтық жағдайын, құрылтай құжаттарын, жарғыларын тағы да басқа қажетті құжаттарды біз толық түрде қарастырып, болашақта қабылданатын Азаматтық кодекске енгізуіміз керек.

Президент жаңа кодекс ел экономикасының алдағы дамуына құқықтық негіз болуы керек деп есептейді. Сондай-ақ ол кәсіпкерлер, инвесторлар мен азаматтар үшін тұрақты әрі түсінікті құқықтық жағдай қалыптастырудың маңызын атап өтті.

Нұргүлсім БЕСБАЕВА,
отставкадағы судья:

Қолданыстағы низамның озық тұстарын сақтап қалу маңызды

Өз уақытында сәтті әзірленіп, ұзақ жылдар бойы қолданыста болған заңдардың бірі – Азаматтық кодекс. Ол азаматтық-құқықтық қатынастарды реттеуді барынша толық қамтыған, құқықтық тәжірибеден өткен сапалы құжаттың бірі болды. Ал оны жаңғыртуға нақты қандай қажеттілік туындағанын дөп басып айту қиын.

Дегенмен, жаңа кодексті әзірлеу барысында қолданыстағы заңнаманың озық тұстарын сақтап қалу маңызды. Бұрынғы кодексті бас-көзге қарамай түбегейлі өзгертіп, жаңа терминдермен әрлеп шығу дұрыс емес. Ең бастысы, енгізілетін өзгерістер азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін шектеуге әкелмеуі керек.

Бұрынғы кодекстің қалыптасқан құқықтық негізі мен құрылымы сақталып, оның тиімді тетіктері жаңа нормалармен сабақтасуы қажет деп есептеймін. Заңның сапасы ондағы терминдердің жаңалығымен емес, қоғамдағы қатынастарды қаншалықты әділ әрі тиімді реттей алатынымен өлшенеді.

Ең бастысы, жаңа Азаматтық кодекс жиі өзгерістерге ұшыраған Әкімшілік және Салық кодекстерінің кебін киместе екен деймін. Мұндай іргелі заңды қабылдауда асығыстыққа жол беруге болмайды. Өйткені Азаматтық кодекс – азаматтар мен заңды тұлғалардың күнделікті өміріндегі мүліктік және мүліктік емес қатынастарды реттейтін негізгі құқықтық құжаттың бірі.

Заң жобасы формалды түрде ғана талқыланбай, заңгерлер қауымы, құқықтанушы ғалымдар мен тәжірибелі мамандар арасында жан-жақты сараланып, ұтымды тұстары мен кемшіліктері ескерілуі тиіс. Әсіресе, қолданыстағы заңнаманы қолдану барысында туындаған мәселелер мен құқықтық тәжірибеде жинақталған олқылықтар ескерілуі қажет. Әрбір өзгерістің қоғамға, азаматтардың құқықтық жағдайына және кәсіпкерлік ортаға ықпалы алдын ала зерделенгені дұрыс.

Мұндай маңызды құжат жан-жақты талқылаудан өтіп, құқықтық тұрғыдан мінсіз болғанда ғана өзінің негізгі міндетін атқара алады.

Советхан СӘКЕНҰЛЫ,
заңгер, әділет полковнигі және Құрметті отставкадағы судья:

Құжат көп талқысына шығарылғаны жөн

Тек қана Азаматтық кодексті емес, басқа да кодекстерді өзгерту керек. Өйткені заңдарымыздың көпшілігі бұрынғы кеңес заманынан қалғандар. Сондықтан қазіргі қарым-қатынасқа ыңғайлап құжаттарды өзгерту керек. Неге, қандай қажеттілік туындап отыр? Қажеттілік болатын себебі жаңа қарым-қатынастар пайда болып жатыр. Жаңа өндірістер пайда болуда. Жаңа термин, жаңа ұғымдар енгізіліп жатыр. Ұйымдар пайда болып, олардың өкілеттіктері өзгеруде. Содан кейін ескірген, қазір қолданысқа жарамайтын терминдерді тағы да басқаларын алып тастау керек. Одан соң құжатты барынша ықшамдау кезек күттірмейді. Кезінде біз Ленинградта оқып жүргенде, ең мықты заңдар, ең мықты кодекстер, ең мықты нормативті қаулылар Қазақстанда қабылданады дейтін. Өйткені құқықтық құжатқа сындарлы қарау біздің қанымызда бар ғой. Қаншама билеріміз, шешендеріміз болған, Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Тәуке ханның Жеті жарғысы, содан соң, тіпті Шыңғыс ханның жасағын дала заңдарының қаншалықты пәрменді болғанын ұқтырады. Ең бастысы кодексті Ресейден көшіріп алмай, басқалардан тартып, жұлмай өзіміздің елімізге сай Азаматтық кодекс дайындалуы керек деп ойлаймын.

Негізінен ғылым докторлары, ғалымдар ғана емес, практик мамандар, кәсіпкерлер, басқа да мамандық иелерін қатыстыра отырып Азаматтық кодексті жазған дұрыс. Содан кейін құжаттың жобасын газетке, бұқаралық ақпараттар құралдарына жариялаған орынды деп есептеймін. Өйткені қолданысқа енгізілгелі тұрған заң жобасын адамдар оқып, өздерінің ұсыныстарын, пікірлерін, көзқарастарын білдіре алатындай болуы керек. Себебі Азаматтық кодекс – ел өміріндегі ең маңызды кодекс, кодекстердің төресі ғой. Осы Азаматтық кодекске, менің жеке пікірім, шетелдік азаматтарға жер сатылмайды, жалға да берілмейді деп жазылуы керек. Сонда ғана еліміздің тәуелсіздігі мәңгілік болады. Ал егер де мұндай норма енгізілмейтін болса заң 99% мықты болғанмен, жерді сатып немесе жалға берсек азаматтық құқыққа байланысты мүдденің бәрі зая кетеді. Сондықтан мен жаңа кодекстен осындай іргелі жаңалық күтемін. Осы арқылы кейін басқа да заңдарды өзгертуге болады. Ең бастысы бұл жаңа Азаматтық кодекстің жобасын міндетті түрде бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау керек. Сонда ғана біз ұсыныс, пікірімізді айта аламыз.

Сақыпжамал ДӘРІҚҰЛОВА,
Ақтөбе облысы
Шалқар аудандық сотының бұрынғы төрағасы, заңгер:

Азаматтар мүддесі басты орында тұруы шарт

Қазіргі кезде жасанды интеллект барлық салаға енгізіліп жатыр, электронды құжаттар да күнделікті қолданылуда. Соған байланысты Азаматтық кодексте өзгерістер енгізу қажеттілігі өмірдің заңдылығынан туындап отыр деп есептеймін. Электронды құжаттар кәсіпкерлер арасында емес, жеке тұлғалармен арадағы дауларға, шарттарға да қажетті нәрсе.

Мысалы қазір өршіп тұрған алаяқтық, яғни заңсыз баю өзекті мәселе. Біреудің мүлкін заңсыз иемденіп алып баю. Осы мәселе бойынша соттар қазіргі кезде өсім өндірмейді. Алаяқтық істер бойынша тек алған ақша ғана қайтарылады. Жаңа кодексте осы мәселе нақтылануы керек. Яғни, алаяққа алданған кезден бастап соттың шешімі шыққанға дейінгі аралықта ақшаны пайдаланғаны үшін сотталушыдан ақшаның өсімін алып беру керек. Осы мазмұндас істер бойынша бірыңғай сот практикасын енгізу қажет. Бұндай өзгерістер қолданысқа түскен кезде бірқатар қиындықтар туындауы мүмкін. Егер заңда бұл тетік оңды шешілсе, жеке тұлғалардың сауатсыздығынан, заңды білмеуінен туындаған қиындықтар рет-ретімен шешіледі. Мысалы, мұра қабылдау мерзімін өткізіп алу әлі де бар. 6 ай мерзім екені заңда жазулы тұр. Ол қай заманнан келе жатқан нәрсе. Бірақ азаматтар сонда да белгіленген мерзімді өткізіп алады. Міне, осындай мәселелер біршама қиындық тудыруы мүмкін, бірақ кейін уақытымен ретке түседі.

Азаматтық кодексте өзгерістер енгізілген кезде Жоғарғы Сот тиісті нормативті қаулыларға уақытында түсіндірме жұмыстарын жүргізуі қажет. Содан соң 190-бап алаяқтық бойынша банктен белгісіз адамның, болмаса өзінің туысының несие алуы, азаматтың жәбірленуші болып табылуына негіз болады. Осындай істерде оңайлатылған практика қажет деп есептеймін. Бұл мәселені де Азаматтық кодексте еңгізу қажет. Яғни, несие қарызын банктің алдында төлейтін өсімі бар, тоқтап тұрған уақытына өсімі бар, оның барлығы кінәсіз адам – жәбірленушінің мойнында қалып қалады. Сондықтан үкім шыққан кезде ол қарызды жеке тұлғаға емес, алаяқтан банктің пайдасына өндіру туралы практика еңгізілсе дұрыс деп ойлаймын.

Сондықтан бұл шартты заңсыз деп танып, банкке қарызды алдап алған алаяқтан өндіру қажет. Бұл өмір талабынан туындап отырған жағдайлар. Бұрынғы кезде нотариустар практикасында да сенімхатты беру, шарттар жасасу тек бетпе-бет орындалатын еді. Ал қазір бұл жұмыстар онлайн форматта да жүзеге асады. Бұл адамдарға жеңілдік. Сондықтан адамдарға жеңілдік жасау үшін Азаматтық кодексте өзгерістер еңгізу керек деп есептеймін.

Жанар КАРАШЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Заң факультетінің азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының PhD докторы

Экономикалық қатынастарды ескеретін нормалар енгізу кезек күттірмейді

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің жалпы бөлімі 1994 жылы 27 желтоқсанда, ал ерекше бөлімі 1999 жылы 1 шілдеде қабылданған. Содан бері елімізде экономикалық, әлеуметтік және технологиялық тұрғыдан елеулі өзгерістер орын алды. Цифрлық экономиканың дамуы, электрондық сауда, жасанды интеллект, виртуалды активтер мен трансшекаралық мәмілелер азаматтық-құқықтық реттеудің жаңа тәсілдерін талап етеді. Қолданыстағы заңнаманың кейбір нормалары бүгінгі қоғамдық қатынастарға толық сәйкес келе бермейді. Сондықтан Азаматтық кодексті жаңғырту – заңнаманы заман талабына бейімдеп, азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтарын тиімді қорғау қажеттілігінен туындап отыр.

Менің ойымша, жаңа Азаматтық кодекс ең алдымен жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталуы тиіс. Ол меншік құқығы, шарттық қатынастар, зияткерлік меншік және азаматтық-құқықтық жауапкершілік мәселелерін заман талабына сай реттеуі қажет. Әсіресе электрондық мәмілелер, цифрлық құқықтар мен жасанды интеллектті қолданудан туындайтын қатынастарға нақты құқықтық нормалар қарастырылуы маңызды. Кодексте әділдік, адалдық, теңдік және шарт еркіндігі қағидаттары сақталып, кәсіпкерлік пен инвестицияның дамуына қолайлы құқықтық орта қалыптастырылуы керек.

Жаңа Азаматтық кодекстен азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды күшейтетін, цифрлық технологиялар мен жаңа экономикалық қатынастарды ескеретін нормаларды күтеміз. Ең бастысы, заң талаптары түсінікті, тұрақты әрі іс жүзінде тиімді болуы тиіс. Жаңа кодекс дәстүр мен құқықтық сабақтастықты сақтай отырып, болашақтағы қоғамдық және экономикалық өзгерістерге бейімделуі қажет. Оны әзірлеуде құқықтық дәстүрді сақтау, жаңашылдыққа жол ашу және құқықтық нормалардың тиімділігін қамтамасыз ету негізгі қағидаттар болуы керек.

...құқықтық құжатқа сындарлы қарау біздің қанымызда бар ғой. Қаншама билеріміз, шешендеріміз болған, Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Тәуке ханның Жеті жарғысы, содан соң тіпті Шыңғыс ханның жасағы дала заңдарының қаншалықты пәрменді болғанын ұқтырады. Ең бастысы кодексті Ресейден көшіріп алмай, басқалардан тартып, жұлмай өзіміздің елімізге сай Азаматтық кодекс дайындалуы керек деп ойлаймын.

Бетті дайындаған
Аяжан ТОҚТАСЫН,
Балауса ТҰРҒАЛИ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Журналистика факультетінің
4-курс студенттері

№ 84 (3911)
10 қараша 2026 жыл
zangazet@mail.ru

БЕЛЕС

Сот жүйесі – мемлекеттің құқықтық негізін айқындайтын, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ететін маңызды институт. Ал сот төрелігін атқаратын судьялардың кәсіби тұтастығын қалыптастыру, олардың мәртебесін бекемдеу, сот жүйесінің тәуелсіздігі мен абырой-беделін арттыру бағытында ҚР Судьялар одағының атқаратын рөлі айрықша.

ӘДІЛЕТ ЖОЛЫНДАҒЫ ОТЫЗ ЖЫЛ

Биыл ҚР Судьялар одағының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Бұл ұйымның орнығуы мен өркендеуінің, талай буын судьяларының кәсіби қызметі мен азаматтық ұстанымының, сабақтастық пен өзара әріптестік дәстүрінің қалыптасу кезеңі.

Осы айтулы белеске Ақтөбе облыстық филиалы да өзіндік үлесін қосып, судьялар қауымының кәсіби әрі қоғамдық тыныс-тіршілігінің ажырамас құрамдас бөлігіне айналды.

Ақтөбе өңірінің сот жүйесі өзінің сан жылдық шежіресімен, орныққан дәстүрімен және білікті заңгерлер мектебімен дараланады.

Осы кәсіби ортада Судьялар одағының облыстық филиалы судьяларды ортақ мақсатқа жұмылдырып, қауымдастықтың ұйымшылдығын күшейтуге бағытталған жұмыстарды дәйекті түрде атқарып келеді.

Ақтөбе облысының сот жүйесінде ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, сот төрелігін орнықтыруға елеулі еңбек сіңірген білікті судьялар аз емес. Олардың әрқайсысының кәсіби ғұмыр жолы – кейінгі буын үшін тағылымы мол үлкен мектеп. Сот залындағы байыптылық, заң талаптарына қалтқысыз беріктік, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына құрметпен қарау, қандай жағдайда да әділ шешім қабылдауға ұмтылу секілді асыл қасиеттер аға буыннан кейінгі ұрпаққа жалғасып келе жатқан құндылықтардың қатарында.

Судьялар одағының Ақтөбе облыстық филиалы ұйымдастыратын кездесулер мен тағылымдық басқосуларда осындай ұрпақтар сабақтастығына ерекше назар аударылады.

Ардагер судьялармен жүздесулер, сот жүйесінің тарихына арналған танымдық кездесулер, кәсіби мерейтойлар мен атаулы күндерге орай өткізілетін жиындар – өткенді қадірлеумен қатар, бүгінгі судьяның кәсіби жауапкершілігін терең пайымдауға мүмкіндік береді.

Тарих пен тағылым

Ақтөбе облыстық филиалының атқаратын жұмысы кәсіби мәселелермен ғана шектелмейді. Судьялардың қоғамдық, мәдени және рухани өмірге белсенді араласуына да айрықша мән беріледі.

Ақтөбе облыстық сотының ғимараты 80 жылдығына орай күрделі жөндеуден өткізіліп, 2012 жылы ашылды. «Елу жылда ел жаңа» демекші 1932 жылы негізі қаланған Ақтөбе облыстық сотына биыл 94 жыл толып отыр.

Ақтөбе облыстық сотының қалыптасу тарихы



Е.БАҚЫТЖАН,
ҚР Судьялар одағы Орталық кеңесінің мүшесі,
Ақтөбе облысы Хромтау аудандық сотының төрағасы

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу кезеңімен тікелей байланысты. Облыстық сотының жанында ар мен заң аясында әділдік орнатып, өз күш-жігерін, бар қайратын, әділдікке арнаған асыл азаматтарға, нар тұлғаларға құрмет көрсету мақсатында музей ашылған болатын.

Алғашқы губерниялық сот төрағасынан бастап бүгінгі күнде қызметте жүрген фемида қызметкерлері судья атағын үлкен құрмет пен абыроймен арқалап келеді. Олардың әрқайсысы облысымыздағы сот жүйесінің қалыптасуы мен дамуына айтарлықтай үлес қосып, өз іздерін қалдырды.

Сол музейдегі деректерге сүйенсек, бұрын Ақтөбе облыстық сотының төрағасы қызметін атқарып, кейін ҚР Жоғарғы Сотын басқарған судьяларды атауды жөн көрдім. Ақтөбе өңірінен бірнеше ҚР Жоғарғы Сотының төрағалары шыққанын деректер дәлелдейді. Атап айтқанда Мұқашев Тлеужан Мұқашұлы, Атаниязов Мырзақұл, Наренов Мухамедғали Наренұлы, Темиргали Кожабергенов, Биекенов Абидолла Умбетжанұлы, Бектас Әбдіханұлы Бекназаров, Мерғалиев Асламбек Амангелдіұлы секілді білікті азаматтардың қолтаңбалары өңір тарихында сақтаулы.

Иран Әміруұлы Әміровтың есімі Ақтөбе облыстық сотының тарихында айрықша орын алады. Облыстық сот музейінде Иран Әміруұлына арнайы бұрыш арналған. Онда И. Әміровтың жұмыс үстелінен алынған құралдары мен Үш би монументінің ашылу салтанатынан алынған фотолары бар альбом қойылған. Сол кездегі облыстық сотының судьялар құрамының суреті мен құжаттары қойылған. Ал 2019 жылы облыстық сот ғимараты алдында оның атына мемориалдық тақта ашылса, 2025 жылы Ақтөбе қаласындағы көшелердің біріне Иран Әміровтың есімі беріліп, құрметіне мемориалдық тақта орнатылды.

Иран Әміруұлы сот саласында 34 жыл абыройлы қызмет атқарып, қаншама жас судьяларды тәрбиеледі. Ол, осы 34 жыл судьялық өмірін Ақтөбе облысына арнады.

2026 жылдың 15 қыркүйегінде оның туған күніне орай Ақтөбе облыстық соты мен ҚР Судьялар одағының Ақтөбе облысы бойынша филиалының ұйымдастыруымен Ақтөбе облысында Қазақстан Республикасы Судьялар одағының 30 жылдығына, сондай-ақ Құрметті судья Иран Әміровты еске алуға арналған спартакиада өтті.

Іс-шараны ҚР Судьялар одағының Ақтөбе облысы бойынша филиалы Ақтөбе облыстық сотымен бірлесіп ұйымдастырды. Спартакиадаға Ақтөбе облыстық сотының төрағасы Ә.Ахметов, ҚР Судьялар одағының төрағасы Д.Әмір, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Шангутов, сот жүйесі ардагерлері кеңесінің төрағасы Б.Істай, ардагерлер кеңесінің мүшесі С.Барышев, құқық қорғау органдарының өкілдері, департамент басшылығы, сот жүйесінің ардагерлері, сондай-ақ Құрметті судья Иран Әміровтің туыстары қатысты.

Сонымен қатар, шараға облыстық, қалалық және аудандық соттардың судьялары мен қызметкерлері қатысып, әріптестеріне қолдау көрсетті.

ҚР Судьялар одағының төрағасы Досжан Әмір де осындай іс-шаралардың маңыздылығына тоқталып, олардың әріптестік қарым-қатынасты нығайтуға, командалық рухты қалыптастыруға және сот жүйесінің жақсы дәстүрлерін сақтауға ықпал ететінін атап өтті.

Ақтөбе облыстық сотын абыроймен басқарған төрағалардың бірі – Айтжанов Ерлан Жұмаханұлы.

Өңірдің мемлекет пен қоғамның өркендеуіне зор үлес қосқан тарихи тұлғалардың мерейтойларына арналған мәдени-танымдық іс-шараларды өткізу дәстүрі қалыптасқан.

Ұлттық спорт – ұлттық рухтың айнасы

Ақтөбе облыстық филиалының спорттық бастамаларында ұлттық спорт түрлеріне де айрықша орын беріледі.

Соның ішінде тоғызқұмалақ – ойлау қабілетін жетілдіретін, сабырлылық пен стратегиялық шешім қабылдауды қажет ететін ұлттық зияткерлік ойын ретінде судьялардың кәсіби болмысымен өзара үндеседі. 2025 жылы Ұлы Абайдың 180 жылдығын атап өту қарсаңында Абайдың сүйікті ойыны – тоғызқұмалақтан сот мамандары арасында жарыс өткізіліп, филиалдың қолдауымен жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Тоғызқұмалақтан жарыстар ұйымдастыру арқылы ұлттық спортты дәріптеу мен салауатты өмір салтын насихаттау міндеттері қатар жүзеге асырылады.

Бұл ретте спорттық сайыстардың маңызы тек жүлделі орындармен өлшенбейді. Оның негізгі нәтижесі – әріптестер арасындағы достық байланысты бекемдеу, ұйымшылдықты күшейту және ортақ құндылықтар аясында топтасу.

Мерейтой жылы – жаңа белестерге бастар кезең

ҚР Судьялар одағының 30 жылдығы – Ақтөбе облыстық филиалы үшін де айрықша тарихи кезең. Бұл – жүріп өткен жолды таразылап, атқарылған жұмыстарды саралайтын, аға буынның еңбегін лайықты бағалап, кейінгі ұрпаққа тағылым ұсынатын маңызды уақыт.

Бүгінде ҚР Судьялар одағының Ақтөбе облыстық филиалы – өңірдің сот қауымдастығын топтастыратын маңызды қоғамдық алаң. Филиалдың ұйымдастыруымен немесе қолдауымен жүзеге асырылатын кәсіби, мәдени-танымдық және спорттық шаралар судьялардың қоғамдық белсенділігін жандандырып, олардың өзара ынтымақтастығын одан әрі бекемдеп келеді.

Филиалдың шежіресі – ең алдымен, осы ұйымның қызметіне өзіндік үлес қосқан судьялардың шежіресі. Әр кезеңде еңбек еткен судьялардың кәсіби тәжірибесі, қоғамдық бастамалары, сот жүйесінің дамуына сіңірген еңбегі бүгінгі буынға аманат болып отыр.

Сондықтан 30 жылдық мерейтой – тек ұйымның мерекесі емес. Бұл – Ақтөбе облысының сот қауымдастығын қалыптастырған, сот төрелігінің өркендеуіне үлес қосқан барлық судьялар мен сот қызметкерлерінің ортақ қуанышы. Отыз жыл – ұйым тарихындағы елеулі белес. Алайда бұл белес – аялдайтын нүкте емес, жаңа кезеңге бастайтын бастау.

Алдағы уақытта да Ақтөбе облыстық филиалы судьялардың кәсіби тұтастығын нығайтуға, сот жүйесінің беделін биіктетуге, құқықтық мәдениетті жетілдіруге, ұлттық және рухани құндылықтарды ұлықтауға, сондай-ақ салауатты өмір салтын дәріптеуге бағытталған игі бастамаларын жалғастыра беретіні сөзсіз.

Судьялар одағының үш онжылдық тарихы – кәсіби бірлік пен өзара қолдаудың, жауапкершілік пен адалдықтың айнасы.

Ал Ақтөбе облыстық филиалының осы шежіредегі орны – өңірдегі судьялар қауымының ұйымшылдығы мен кәсіби сабақтастығын орнықтырған маңызды буын ретінде айқындалады.

ҚР Судьялар одағының 30 жылдық мерейтойы осы қағидаттардың уақыт сынынан сүрінбей өтіп, өз өміршеңдігін сақтап келе жатқанын тағы бір мәрте аңғартады. Отыз жыл – өткенге тағзым, бүгінге тағылым, болашаққа бағдар десе де болады. Ақтөбе облыстық филиалының жүріп өткен сара жолы – әділетке адал қызмет еткен талай буынның қажырлы еңбегімен қалыптасқан жол.

Бұл жолдың басты нәтижесі – марапаттар мен өткізілген іс-шаралардың санымен ғана емес, ең алдымен, заң мен әділетті ту еткен судьялар қауымының бірлігімен өлшенеді.

Судьялар одағының 30 жылдық мерейтойы құтты болсын!

БЕЗБЕН

АҚПАРАТТЫҢ БӘРІ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛҒАНЫ ДҰРЫС ПА?

Жария басқару органдарының жұмысы ашық, қоғам қабылданып жатқан шешімдерден хабардар, ал бұқаралық ақпарат құралдары маңызы үлкен мәселелерді еркін жариялауы ләзім. Дегенмен қоғам үшін маңызды ақпараттың бәрі бірдей қолжетімді болуы тиіс пе?

Мәселенің түбірін түйсіне білу қоғамдық мүдде мен қызығушылықтың аражігін ажыратудан басталады. Мәселен, мемлекет жұмысының ішкі және сыртқы қырларына қоғам куәгер бола алғанмен, адамның жеке басы жайлы ақпарат, қанша жерден қызығушылық тудырғанмен, құпия қалуы қажет.

Осы орайда биыл Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес ҚР Азаматтық кодексін әзірлеу басталғанын ескеру қажет. Оны әзірлеу кезінде аса нәзік сұрақ туындайды: ақпарат тек ақпараттық заңнаманың реттеу нысаны ма, әлде азаматтық-құқықтық қатынастардың дербес элементі ме?

Қазіргі таңда ақпарат ұғымына кең көзқараспен қарау – заман талабы. Себебі, ақпарат жай ғана мәлімет алмасу құралы болудан қалып, коммерциялық шешімдердің іргетасына айналды, тіпті экономикалық нарықтың өлшем бірлігі десек те қателеспейміз. Компаниялардың ақпараттық деректер қорына қол жеткізуі, клиенттер туралы мәліметтерді пайдалануы, серіктестеріне талдамалық материалдар беруі және қупиялылық туралы келісімдер жасауы ақпарат ұғымы шеңберінің кеңейе түскенінің айқын үлгілері. Тіпті, кейбір жағдайда кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін оның материалдық активтерінен гөрі иелігіндегі ақпарат айқындайды.

Сондай-ақ, ақпараттың құқықтық табиғаты плюралистік сипатқа ие болғандықтан, дербес деректер мен коммерциялық құпияны және зияткерлік еңбек нәтижесін бір қалыпқа сыйдыру мүмкін емес екенін атап өткеніміз абзал.


Қолданыстағы Азаматтық кодексте жеке және отбасылық құпияны қорғау, ар-намыс, қадір-қасиет пен іскерлік беделді сақтау, қызметтік және коммерциялық құпияны қорғау жөніндегі нормалар орын алған. Алайда цифрлық экономиканың дамуы және ақпаратты пайдалану тәсілдерінің өзгеруі осы құқықтық тетіктердің қаншалықты жеткілікті екеніне күмән тудырады.

Шынайы құқықтық тепе-теңдік қисынды ассиметрияға негізделеді. Мемлекет қоғам алдында барынша ашық болуға міндетті, ал азамат үшінші тұлғалар алдында дәл солай ашық болуға міндетті емес. Жаңа Азаматтық кодекс «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» немесе «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» салалық заңдарын көзсіз көшірмеуі тиіс. Оның іргелі мақсаты – деректердің қандай нысанда сақталатынына қарамастан, адамның жеке ақпараттық кеңістігін қорғайтын берік қалқан қалыптастыру. Бұл ретте журналистік еркіндік пен ақпарат тарату құқығы жеке өмірге қолсұғылмаушылық шегінен аттамауы шарт.

Сонымен қатар, азаматтық құқық құпиялылықты тек қағаз жүзінде қорғаумен шектелмеуі керек. Ақпаратты пайдалану салдары да алдын ала түсінікті болғаны жөн. Оның мақсаты, сақталу шарты мен шектеулері азаматтық айналымның тұрақтылығына және оның қатысушылары арасындағы сенімге тікелей әсер етеді.

Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің қарыштап дамуы аталмыш мәселеге тың көзқараспен қарауға мәжбүрлейді. Нейрожелілердің ақпаратты жасау, өңдеу және тарату тәсілдері адамның зияткерлік еңбегіне деген қоғамдық көзқарасты өзгертіп жатыр. Қазір адамның ой жүйелілігі, пікірінің бірізділігі немесе мәтінінің сауатты құрылуы кейде жасанды интеллекттің көмегімен жасалған жұмыстың белгісі ретінде қабылдана бастады. Соның салдарынан адам өз ойын өз бетінше жеткізе алатынын, талдай білетінін және зияткерлік туынды жасай алатынын дәлелдеуге мәжбүр болатын жағдайлар туындауы мүмкін.

Бұл тек технология мәселесі емес.



Ол адамның ар-намысына, қадір-қасиетіне, авторлығына, кәсіби беделіне және ойлау дербестігіне қатысты мәселе болғандықтан аталмыш қатынастарды тек Цифрлық кодекс шеңберінде қалдыру жеткіліксіз деп есептеймін. Арнайы заңнама жасанды интеллектті пайдалану тәртібін белгілей алғанымен адамның негізгі құқықтарын қорғау азаматтық заңнамада көрініс табуы қажет. Құқық зияткерлік еңбектің нәтижесін ғана емес, адамның өздігінен ойлайтын және шығармашылықпен айналысатын тұлға ретіндегі қадір-қасиетін де қорғауға ләзім.

Жаңа Азаматтық кодексті әзірлеу кезінде ақпаратты арнайы әкімшілік немесе ақпараттық заңнаманың реттеу нысаны ретінде тұсамауымыз шарт. Қазіргі экономика мен күнделікті өмір әлдеқашан бұл шеңберден шығып кетті. Ақпарат әрбір дерлік шарттық қатынастың ажырамас бөлігіне айналды, бизнестің құнын қалыптастырады, іскерлік беделге әсер етеді және адамның өміріндегі ең жеке мәселелерге дейін араласады.

Кейде қарапайым жауап күрделі сұрақтың мәнін аша алмайды, сол тәрізді жаңа Азаматтық кодекс те ақпарат атаулыны біріздендіруге жол ашса, мәселенің жұрнағы айшықталып түбірі ашылмай қалары сөзсіз. Бастысы ақпараттың алуан қырлы нысаны жеке тізбектеліп, әрқайсысын өз табиғатына сай, түсінікті әрі тиімді құқықтық қорғау тетіктерімен қамту.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ, жаңа Азаматтық кодекс әзірлеу бастамасын қолдап, оның аясында жеке құқық саласында ақпарат атаулының толыққанды көрініс табуын қамтамасыз ету – жаңа заман талабының шешімі.

Меруерт АМИРХАНОВА,
Мемлекет және қоғам коммуникацияларын дамыту департаменті Талдау және мемлекет мен қоғамның өзара іс-қимылын бағалау басқармасының басшысы

РУХАНИЯТ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – реформатор,ағартушы және ұлт көшбасшысы

Ахмет Байтұрсынұлы – Қазақстан тарихындағы аса көрнекті тұлға. Ұстаз, тілші, әдебиеттанушы, ақын әрі қоғам қайраткері ол заманауи қазақ тіл білімі мен ұлттық мектебінің іргетасын қалады.

Ахмет Байтұрсынұлының тұлғасы мен ғылыми-педагогикалық тұжырымдамасының қалыптасуы дәуірдің ең күрделі әрі алмағайып кезеңіне тұспа-тұс келді. «Алаш» қозғалысының рухани көшбасшысы бола отырып, ғалым ағарту ісі мен ана тілі – халықтың ұлттық бірегейлігі мен рухани тәуелсіздігін сақтап қалудағы басты құралы деп санады. Оның іргетас қалаушы қағидасы әлемді және бөтен білімдерді үйлесімді игеру тек туған тілдің сауатын, логикасы мен сөйлеу жүйесін толық меңгергеннен кейін ғана мүмкін болады деген тұжырымға негізделді.

Қайраткер 1895–1909 жылдары – Ақтөбе, Қостанай және Қарқаралы уездерінің мектептері мен училищелерінде педагогикалық қызметпен айналысты. Бұл кезеңде оның алғашқы мақалалары жарық көріп, 1909 жылы Санкт-Петербургте «Қырық мысал» атты жинағы басылып шықты. 1905–1908 жылдар – Қарқаралы петициясына авторларының бірі ретінде қатысты, белсенді саяси қызметі және халықтың құқығын қорғағаны үшін тұтқындалып, Семей түрікпешіне (түрмесіне) қамалды. 1910–1917 жылдар – Қазақстаннан тыс жерге жер аударылғаннан кейін Орынборға келді. 1911 жылы «Маса» жинағын басып шығарды. 1913 жылдан бастап М. Дулатұлымен бірлесіп «Қазақ» газетін шығарып, оның бас редакторы болды. «Алаш» қозғалысының съездерін ұйымдастыруға және партия бағдарламасын әзірлеуге белсене қатысты. 1919–1920 жылдар – Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару жөніндегі Әскери-революциялық комитеттің құрамына кіріп, төрағаның орынбасары болып тағайындалды. Кеңес билігін сынға алып В. И. Ленинге хат жолдады. Автономияның мемлекеттік шекараларын анықтау мен бекіту кезінде өлкенің мүддесін қорғады. 1920–1928 жылдар – Республиканың Халық ағарту комиссариатының алғашқы комиссары болды, Академиялық орталықты басқарды, Ташкентте және Алматыдағы Қазақ педагогикалық институтында ұстаздық етті. 1929–1937 жылдар – «Алаш» қозғалысына қатысы бар деген негізсіз айып тағылып, тұтқындалып, 1934 жылға дейін жер аударылды. Оралған соң Алматы қаласында тұрды. 1937 жылы 8 желтоқсанда саяси репрессия құрбаны болды. 1988 жылы 4 қарашада Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің шешімімен толықтай ақталды.

Байтұрсынұлы араб графикасын қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне бейімдеп («Төте жазу») және нақты ғылыми терминологияны қалыптастыру арқылы қазақ тіл білімінде төңкеріс жасады. «Оқу құралы» (1912 ж.): Ана тілінде сауат ашу негіздерін қалаған тұңғыш қазақ әліппесі. «Тіл құрал» (1914–1925 жж.): Фонетиканы, сөз жасауды және синтаксисті қамтитын іргетасты үш бөлімді еңбек. Мұнда ғалым қазақ тілінің жалғамалы (агглютинативті) табиғатын жіктеп, дыбыс үйлесімділігі заңдарын (сингармонизм) сипаттап, сыртқы (сөз өзгертуші) және ішкі (сөз тудырушы) қосымшаларды жіктеді. «Тіл жұмсар» (1928–1929 жж.): сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын дамытуға бағытталған тілдік практикум. Ғалым орынсыз кірме сөздерден қашып, қазақ тілінің өз лексикалық байлығынан баламалар табуға үндеп, тіл тазалығын дәйекті түрде қорғады. 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш» оқулығы қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы қарлығашы болды.

Ахмет Байтұрсынұлының сөз мәдениеті мен тіл тазалығы туралы көзқарастары бүгінгі күннің өзекті сын-қатерлерімен үндесіп, таңғаларлықтай заманауи естіледі. Ағартушы өз еңбектерінде тіл білімі мен қоғам XXI ғасырда да бетпе-бет келіп отырған мәселелерді көтерген болатын. Ғалым грамматикалық жүйе мен емле ережелерін бұзу ойлау логикасының бұлыңғырлануына әкелетінін атап көрсетті.

Ахмет Байтұрсынұлының теориялық қағидаттары тарихи мұра болып қана қоймай, заманауи сөз мәдениеті мәселелерін шешудің және ұлттың тілдік иммунитетін сақтаудың практикалық нұсқаулығы болып қала береді. Ахмет Байұрсынұлының ғылыми еңбектері, педагогикалық әдістері мен қоғамдық қызметі қазақ мәдениетінің тарихында өшпес және түбегейлі із қалдырды. Оның жасаған оқулықтары, орфографиялық нормалары мен әдебиеттану ұғымдары ұлттық филологияның негізін қалап қана қоймай, бүгінгі күні де өздерінің практикалық және әдістемелік құндылығын жоғалтпады. Жаһандану мен цифрлық трансформация дәуірінде оның сөз мәдениетін қорғау, тілдің ластануымен күресу және туған тілдің ішкі логикасын сақтау туралы идеялары айрықша өзектілікке ие болып отыр. Байтұрсынұлының мұрасы заман сын-қатерлеріне жауап табуға, жаңа буынның сауаттылығын дамытуға және ұлттың тілдік иммунитетін сақтауға көмектеседі, бұл оның «Ұлт ұстазы» деген даусыз мәртебесін айғақтай түседі.

Роза БАҚБЕРГЕНОВА,
Ақерке СҰЛТАНБЕК,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

ТАРАТУ

3. «Уорли-EDS» ЖШС (БСН 251140016350), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 060001, Атырау обл., Атырау қ., Әбілқайыр хан даңғ., 17-үй. Тел. +8 771 002 62 13.

4. «МАХІМА ПВ» ЖШС (БСН 091240000243), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Солтүстік өнеркәсіптік аймақ, 1780-үй. Тел.: +8 771 000 88 88.

5. «Каскор-Транссервис» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі, (БСН 161240020322), заңды мекенжайы: 130002, ҚР, Маңғыстау обл., Ақтау қ., ЗБ ш.а., 48 ғим., өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде заңды мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. +7 701 302 00 85.

7. «Kazakhstan Retail Services» ЖШС (БСН 231040031475), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 12-шағынаудан, 19-ғимарат. Тел.: +7 708 178 89 61.

8. «AQUABABY HELP» қоғамдық қоры (БСН 180340022809), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 1-шағынаудан, 19Б-үй. Тел.: +8 707 414 13 63.

9. «AQUABABY» ЖШС (БСН 170440035139), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 1-шағынаудан, 19Б-үй. Тел.: +8 707 414 13 63.

10. «RM Development» ЖШС (БСН 240340024501), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Қ. Мұхамедханов көшесі, 9-ғимарат, 59-пәтер. Тел.: +8 707 555 21 51.

13. «Беляш-шарап» ЖШС (БСН 201040011504) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, СҚО, Петропавл қ., Горький көш., 179-үй.

17. «Тасқұдық - агро» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 230740028041), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Тасқұдық ауылы, Бостандық көшесі, 18-үй, пошта индексі 160911.

18. «Арайлым-Н.С.» ЖШС (БСН 030740019030), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, ОҚО, Сарыағаш ауданы, Дарбаза ауылдық округі, Дарбаза ауылы, пошталық индексі 160911.

19. «Almaz-Harsan» ЖШС (БСН 191140013490), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Қабланбек ауылдық округі, Сіргелі ауылы, М.Мамаев көшесі, 7-үй, пошталық индексі 160916.

21. «Alatau autodrome (Алатау автодром)» ЖШС (ЖСН 091040012953), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қ-сы, Керей Жанибек хандар к., 12/1 үй, 352 п., тел.: +7776 124 02 41.

22. «BF MEREKE» қайырымдылық қоғамдық қорының Алматы қаласындағы филиалы (БСН 240541017323), заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 467/1-үй, 353-тұрғын емес үй-жай, пошта индексі 050000, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады. Тел.: +7 708 211 0506.

ӘРТҮРЛІ

11. Түркістан облысының білім басқармасының Түлкібас ауданының білім бөлімінің «Кешкі мектеп» КММ-сі (БСН 011140004096) және Түркістан облысының білім басқармасының Төлеби ауданының білім бөлімінің «Кешкі мектеп» КММ-сі (БСН 030640005780) ұйымдары, «Түркістан облысының білім басқармасының Түркістан қаласының білім бөлімінің «Кешкі мектеп» КММ-не (БСН 000640003471) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан қаласы, С.Ерубаев к-сі, 3/7. Тел. +8 725 334 15 21.

12. Тараз қалалық сотына Бармина Вера Александровнадан, мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Чкалов көшесі, 90-үй, 1968 жылғы 30 мамырда туған, соңғы белгілі тұрғылықты жері: Қазақстан Республикасы, Тараз қаласы, Чкалов көшесі, 90-үй мекенжайы болған азамат Бармин Виктор Владимировичті қайтыс болды деп жариялау туралы арыз келіп түсті. Бармин Виктор Владимировичтің жүрген жері туралы мәліметтері бар тұлғалардан хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде Тараз қалалық сотына мына мекенжай бойынша хабарлауды сұраймыз: Қазақстан Республикасы, Тараз қаласы, Қ. Тұрысов көшесі, 7.

15. «Ломбард «HAYAT CAPITAL» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды.

Сауда-саттық 20.11.2026 жылы сағат 12:00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3-үй, 201-кеңсе мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:

№ 1-лот: Honda CR-V маркалы автокөлік, 1996 ж.ш., мемлекеттік тіркеу нөмірі 937BCS02, VIN: RD11088004, қозғалтқыш көлемі – 2.0 л, түсі – сұр, бастапқы бағасы – 1 809 995 теңге;

Аталған мүлік Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 мекенжайында орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 үй, 201 кеңсе.

Сауда-саттық жеңімпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді 3 (үш) күн ішінде «Ломбард «HAYAT CAPITAL» ЖШС кассасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс.

Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Порт-Артурская көшесі, 22-үй, анықтама телефоны: +7 707 283 80 28, төлем реквизиттері:

ИИК KZ58722S000003993258, «Kaspi Bank» АҚ, БИК CASPKZKA.

Баспасөз – 2027

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** газеттеріне және **«Заң»** журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.
Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

20. Алматы қаласының МАЭС-і 2026 жылғы 3 қарашадағы ұйғарымымен «MIR-A Construction» ЖШС-не (БСН 000440015597) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды. Талап-шағымдар бір ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 7-үй, 5А-корпус. Тел.: +7 701 559 44 44.

МҰРАГЕРЛІК

2. 2026 ж. 25 маусымда қайтыс болған Ергалиев Бурханның артынан мүлкіне мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер Қызылорда қ., Мұратбаев көш., 18/66 мекенжайында орналасқан нотариус Л.С.Суйеубаеваға хабарласуы қажет. Тел. +8 778 000 27 27.

6. 2026 ж. 15 маусымда қайтыс болған Дуйсенов Бекболат Еламановичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус С.Ө.Өмірзаққа келулеріңіз керек. Қызылорда қ., Қорқыт ата көш., 7/16. Тел. +8707 787 68 05.

16. 2026 21 шілдеде жылы қайтыс болған Увапиев Бауыржан Султановичтің атынан ашылған мұрагерлік іс бойынша нотариус Г.С. Серіковаға хабарласуыңызды сұраймыз. Мекенжайы: Абай облысы, Ақсуат ауылы, Ы. Қабеков көшесі, 19-үй, 3-кабинет, тел. +7 777 326 30 67.

Қызылорда облысының судьялар қауымдастығы Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Қызылорда облысы бойынша филиалының төрағасы, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы Елшібеков Бақытбек Есенгелдіұлына әкесі

Есенгелді Елшібекұлының

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облыстық соты, ҚР Судьялар одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы, ҚР Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы Аблаева Айгүл Әуелбеккызына жұбайы

Тимур Тасболатұлының

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма, 4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемеращи көшесі, 59, тел. 87058147221

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

Trade and Service ЖК, Алматы қаласы, мкр. Жетысу-3, д.55/133, тел. 87475501070

МЕЖЕ

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – өркениетті мемлекет қалыптастыруға жетелейтін негізгі шарттың бірі. Бұл бағыттағы кешенді жұмыстар елімізде бір сәт те тоқтаған емес. Тәуелсіздік алған сәттен бері жемқорлыққа тосқауыл қою, жең ұшынан жалғасуға жол бермеу ұстанымы кез келген құрылымның басты бағдарына айналған.

ЦИФРЛАНДЫРУ – ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АЗАЙТУДЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ



1998 жылы қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы заң да, 2015 жылы қолданысқа енгізілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы заң да жегіқұртқа қарсы кешенді жұмыстардың құқықтық қорғанына айналды. Бұдан бөлек сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды тиімді үйлестіруді көздейтін стратегиялық тұжырымдамалар мен Президент жолдауларындағы тапсырмалар әр саладағы жұмысты тиімді ұйымдастырып, халыққа сапалы, адал, кәсіби қызмет көрсетуге жол ашты.

Сот саласы да сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте тиімді қорғаныс құра білген құрылымның бірі. Әсіресе сот жүйесін цифрландыру сот қызметін неғұрлым ашық, қолжетімді етіп қана қоймай, азаматтардың төрелікке деген сенімін нығайтты. Сот отырысы залдарының толықтай дыбыс-бейне жазу құрылғыларымен қамтамасыз етілуі, сот құжаттарын қашықтан жолдап, сұраныстарға жедел жауап алу мүмкіндігі, талап-арыздар мен материалдардың судьяларға автоматты түрде бөлінуі сот қызметін барынша қолжетімді ете түсті. Бұрынғыдай сарылып кезек күтудің, басы артық анықтама жинаудың, сот қызметкерлерінен кеңес сұраудың қажеті жоқ. Цифрлық технология мұның бәрін түсінікті, оңай, ыңғайлы етті. Бұл азаматтардың уақытын үнемдеуге, адами фактордың ықпалын азайтуға, құжат айналымын жеделдетуге және сот процестеріндегі артық әкімшілік кедергілерді жоюға көмектесті. Ал сот қызметі түсінікті, жедел, қолжетімді болған сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелінің де төмендей беретіні түсінікті.

Алайда цифрландырудың өзі барлық мәселені шешпейді. Ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігі, деректердің қорғалуы және автоматтандырылған шешімдердің заңдылығы тұрақты бақылауда болуы тиіс. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – бір реттік науқан емес, үздіксіз жүргізілуі тиіс жүйелі жұмыс. Ол әрбір судьяның, сот қызметкерінің кәсіби ұстанымынан, адалдығынан және заңға деген құрметінен басталады.

Сот төрелігінің беделі ең алдымен қоғамның сотқа деген сенімімен байланысты. Ал жемқорлық тәуекелін төмендету кешенді әрекеттерді қажет етеді. Бір-бірін толықтырып тұратын мұндай жұмыстар ең алдымен сот қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуден көрінеді. Цифрландыру бойынша қолға алынған іс-шаралардың нәтижесі бағытымыздың дұрыс екенін аңғартып отыр.

Екіншіден, судьялардың тәуелсіздігі мен жеке жауапкершілігін нығайту да жемқорлық қаупін азайтады. Судья өзінің кәсіби қызметінде заңдылықты, бейтараптықты және әдеп нормаларын қатаң сақтап, сот төрелігіне ықпал етуге жол бермеуі тиіс.

Үшіншіден, судьялар мен сот қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру маңызды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тек жазалау шараларымен шектелмеуі керек. Оның алдын алу үшін әрбір қызметкердің құқықтық сауаттылығын арттыру, қызметтік әдепті сақтау, мүдделер қақтығысына жол бермеу және заңсыз сыйлықтар мен артықшылықтарды қабылдамау қағидаттарын орнықтыру қажет.

Төртіншіден, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жүйелі түрде анықтау. Сот қызметін ұйымдастыру барысында азаматтардың өтініштері мен шағымдарын талдау, қызметтік процестерге мониторинг жүргізу, ішкі бақылау тетіктерін жетілдіру кезек күттірмейді. Әсіресе, сот ғимараттарында сенім жәшіктерін орналастырып, сотқа жүгінушілер арасында сауалнама ұйымдастыру қызмет барысында кететін кемшіліктерді жедел анықтап, қателікке жол берген қызметкерлерді жедел жөнге салуға ықпалын тигізеді.

Сыбайлас жемқорлық сот саласының беделін төмендетеді, өз кәсібіне адал мамандардың абыройына нұқсан келтіреді. Сондықтан кеселмен күресте барша ұжым болып бірігіп әрекет ету жақсы нәтижеге жеткізеді.

Гүлнар КУДЕРБАЕВА,
Самар аудандық сотының төрағасы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ПІКІР

АДАЛ ҚЫЗМЕТ – БІЗГЕ МІНДЕТ

Тәуелсіз мемлекеттер достастығына кіретін елдер арасында Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті заңдық тұрғыдан қамтамасыз еткен алғашқы мемлекет.

Кеселге қарсы құқықтық құрал елімізде 1998 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қабылдаудан бастау алды. Кейіннен бұл заң қоғамның қажеттілігі мен талабына қарай жандандырылып, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» деген атаумен 2015 жылы қолданысқа енгізілді.

Жемқорлыққа қарсы арнайы заңның дайындалуы қоғамның, мемлекеттік құрылымдардың кеселге қарсы жұмыстарын жүйелеп, бір ізге түсіруге көмектесті. Осындай құжаттың қолданыста болуы қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, індеттің етек жаюына түрткі болған себептерді анықтап, салдарымен күресуге мүмкіндік берді. Күнделікті тәжірибе көрсетіп отырғандай сыбайлас жемқорлықты жою үшін әрбір құзырлы органның қызметі заңдылыққа негізделіп, адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау басты басымдыққа айналуы тиіс. Мемлекеттік қызметте жариялылық пен ашықтық принциптері қатаң сақталса, жемқорлық тәуекелі төмендейді.

Мұндай кеселдің алдын алуда мемлекеттік қызметшілерге жүктелер жауаптылық та, артылар сенім де жоғары. Соған орай әрбір мемлекеттік қызметші өз міндеттерін орындау барысында заңдылықты, әділдікті және әдептілік қағидаттарын қатаң сақтауға міндетті. Кез келген маман өзінің лауазымдық өкілеттіктерін жеке басының немесе өзге де адамдардың мүддесі үшін пайдаланбауы тиіс. Сондай-ақ қызметтік міндеттерін орындау кезінде азаматтардан заңсыз сыйақы, ақша немесе өзге де материалдық игіліктер алуға жол бермеуі шарт.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – ортақ міндет. Бұл тек уәкілетті органдардың ғана емес, қоғамның әрбір мүшесінің парызы болып саналады. Сәйкесінше елінің өркендегенін, дамыған елдер қатарына қосылғанын қалаған әрбір азамат заңсыз әрекеттерге бейжай қарамай, сыбайлас жемқорлық белгілері анықталған жағдайда тиісті уәкілетті органдарға хабарлауға құқылы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бір күндік науқан емес, үздіксіз жүргізілуге тиіс маңызды жұмыс. Адал қызмет – бізге міндет!

Н.ЕРКІНБЕКОВ,
Түркістан қаласы мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының хатшысы

КӨЗҚАРАС

ТІЛ ҮШІН БӘРІМІЗ ЖАУАПТЫМЫЗ



Лаура НҰРМАҒАНБЕТОВА,
Ақтау қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

Мемлекеттік тіл – ұлттық бірегейліктің бастауы. Ел Конституциясының 9-бабында Қазақстанның мемлекеттік тілі қазақ тілі екені нақтыланса, Азаматтық процестік кодекстің 14-бабында және Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабында сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүзеге асырылатыны, қажет болған жағдайда қазақ тілімен қатар орыс тілі, ал заңда белгіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылатыны көрсетілген.

Яғни, мемлекеттік тілдің маңызын арттыру, мәртебесін көтеру конституциялық міндет. Сот құрылымы да бұл міндетке жауаптылықпен қарауы, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту жұмысына белсенді қатысуы маңызды. Өйткені сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілдің қолданылуы тек тіл саясатына ғана емес, сот төрелігінің сапасына да тікелей әсер ететін фактор.

Ең бастысы мемлекеттік тілге деген құрмет іс барысында нақты көрініс тауып, бір реттік шараға айналмауы керек. Ал ол үшін бірнеше қағиданы басшылыққа алған жөн. Мәселен, сот құрылымында мемлекеттік тілдің қолданылуы заңдылық қағидатына негізделуі шарт. Азаматтардың сотқа жүгінуі, өз ұстанымын білдіруі, дәлелдемелер ұсынуы және сот актілерін түсінуі олардың тілдік құқықтарының сақталуымен тығыз байланысты. Мұндай талаптың сақталуы азаматтардың тілге қатысты құқығының шектелмеуіне жол ашады. Судьяға сот отырысына дейін сот ісін жүргізу тілін нақтылау, қажет болған жағдайда тегін аудармашы көмегімен қамтамасыз етудің тәртібін түсіндіру міндеті жүктелген.

Мемлекеттік тілді сот жұмысында сапалы қолдану сот актілерін сауатты, түсінікті жазудан да көрінеді. Жоғарғы Соттың мұрындық болуымен қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер бойынша үздік жазылған сот актілерінің арнайы жинақ болып шығуының өзіндік мәні бар. Жинаққа енгізілген әрбір сауатты сот актісі республика судьяларына бағдар болары, үлгі ретінде пайдалануда көмекші құрал рөлін атқарары анық. Өзі жазған сот актісінің таңдаулы жинаққа енгізілуі судьяларды да қызметін сапалы атқаруға ынталандырады.

Бұдан бөлек сот ғимараттарындағы ақпараттық материалдар, хабарландырулар, ресми интернет-ресурстар мен азаматтарға ұсынылатын түсіндірмелер мемлекеттік тілде жазылуы өзекті. Сот табалдырығын аттаған әрбір азамат өзіне қажетті ақпаратты мемлекеттік тілде алуға, сауалына қазақ тілінде жауап берілгенін талап етуге құқылы. Сәйкесінше сот судьялары мен сот қызметкерлерінің де қазақ тілін жетік біліп, үнемі білім-білігін жетілдіріп отыру қоғам талабы.

Мемлекеттік тілге байланысты өзекті мәселенің келесі бір бағыты – сот саласында қолданылатын құқықтық терминологияны біріздендірумен байланысты. Заң нормаларының мазмұнын бұрмаламай, оларды қазақ тілінде дәл әрі мағыналық тұрғыдан дұрыс жеткізген дұрыс. Сондай-ақ заңдарды алдымен мемлекеттік тілде дайындап, қазақ тілді ортада талқылаудың терминдерді біркелкі қолдануда көмегі зор.

Мемлекеттік тілдің сот жүйесінде кеңінен қолданылуына қол жеткізу үшін жүйелі әрі кешенді жұмыс жүргізілуі тиіс. Бұл ретте судьялар мен сот қызметкерлерінің қазақ тілін кәсіби деңгейде меңгеруіне, құқықтық әдебиеттер мен әдістемелік құралдардың мемлекеттік тілде әзірленуе, заңнамалық терминдердің қолданысын жетілдіру бойынша кешенді іс-шараларды қолға алуға тұрақты назар аударған абзал.

Мемлекеттік тіл – еліміздің тірегі, ал оны сот төрелігінде өз деңгейінде қолдану – заңға, елге және азаматтарға деген құрметтің айқын көрінісі.

КЕСЕЛ

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ КЕМШІЛІККЕ ЖОЛ БЕРМЕЙДІ



Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік басқару жүйесіне, заң үстемдігіне және азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сеніміне нұқсан келтіреді. Осы ретте заңдылықты қамтамасыз ету, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау, құқықтық тәртіпті нығайту міндеті жүктелгендіктен Әділет органдарының күнделікті қызметі адалдық, ашықтық, жауапкершілік және кәсіби әдеп талабына сай болуы шарт.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың негізгі бағыттары айқын. Әділет органдары жемқорлыққа жол бермеу үшін жең ұшынан жалғасуға итермелейтін тәуекелдерді анықтап, түйткілге тосқауыл қоятын тетіктерді тиімді қолдануда. Осы мақсатта мемлекеттік қызмет көрсету, құжаттарды тіркеу, құқықтық көмек көрсету және өзге де әкімшілік рәсімдер барысында сыбайлас жемқорлыққа жол ашатын факторларды талдау, зерделеу және анықталған кемшіліктерді жою ерекше мәнге ие. Ертерек анықталып, жолы кесілген бір кемшілік әділет органында қызмет етіп жүрген барша қызметкерге сабақ болары даусыз.

Мемлекеттік қызметті цифрландыру сыбайластық тәуекелін төмендетеді. Өйткені, қағазбастылықтан арылып, қызметтердің басым бөлігінің электрондық форматқа ауысуы азаматтар мен мемлекеттік қызметшілер арасындағы тікелей байланысты, өзара ымыраға келу фактілерін азайтады. Ал мемлекеттік қызметтің тәртібі, талап етілетін құжаттар реті, қызмет көрсету мерзімі мен өтініштер бойынша шешім қабылдау жүйесі анық, ашық болған сайын азаматтар да таныс іздеп, жемқорлықтың тамыр жаюына себепкер болмайды.

Мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттырып, әдептілік нормасын сақтауы да теріс әрекеттен алыстатады. Сондай-ақ жалпы қоғамның құқықтық сауаты мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті нығайтатынын ұмытпауымыз керек. Азаматтар айналасындағы жемқорлық қылмысына немкетті қарамауы парыз. Өйткені сыбайлас жемқорлықсыз, таза қоғам құру өзге емес, өзіміз үшін маңызды. Сондықтан қоғамдық бақылау мен ашықтықты қамтамасыз етуден баршамыз шет қалмауымыз керек.

Ғалым БОЛАТҰЛЫ,
Алматы қаласы Әділет департаменті мемлекеттік кірістер соммаларын өндіру бойынша аумақтық бөлімінің басшысы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6160 дана
Апталық таралым 12320 дана

Тапсырыс № 166 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31